

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau.offset@mail.ru

alatau_gazeti

alatau_gazeti

АУДАН ТЫНЫСЫ

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ІСТЕР

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН ЖУРНАЛИСТЕР ҮЙІНДЕ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ Е. АХМЕТОВТИҢ БАСПАСӨЗ ӨКІЛДЕРІМЕН БИРИФИНГІ ӨТТІ. БАЯНДАМА ЖАСАҒАН АУДАН ӘКІМІ ТЕК АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ЖАЙЛЫ СӨЗ СӨЙЛЕДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ШЫҒАРЫЛЫП, АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ДАМУ ТҰРАҚТЫ МӘСЕЛЕСІНЕ ОРАЙ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ МӘЛІМ ЕТТІ. АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМУ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ СУ РЕСУРС-ТАРЫН ҮНЕМДЕП ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫНА ОРАЙ ЖЕР ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ШАРУАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ, ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫ, ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫН ЖӘНЕ ӨНІМ ӨНДЕУ ІСІН ЖАҚСARTU БОЙЫНША ЕСЕП БЕРДІ.

Аграрлы аймақ Ескелді ауданында барлық жер көлемі 399 961,8 гектарды құрайды. Оның ішінде 53 312,8 га егістік, 372 га көпжылдық екпелер, 9 073 га шабындық, 162 039 га жайылымдық, 29 854 га басқадай жерлер. Қазіргі уақытта көктемгі дала жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде қажетті тұқым мен минералды тыңайтқыш және дизель отынымен қамтамасыз ету бойынша өтінім қабылдануда.

– Биыл ауданда ауыл шаруашылығы дақылдары 31,9 мың гектарға себілді. Қант қызылшасы жоспар бойынша 2 073 гектарға себілді. Тұқымға сұраныс 2 073 га берілді. Жалпы ау-

данда былтыр 134 мың тонна тәтті түбір жиналды, биыл да осындай көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарлануда. Өткен жылы зауытқа өткізілетін қант қызылшасы субсидиясын ұлғайту нәтижесінде бағасы 30 мың теңгеден 40 мың теңгеге дейін көтерілді. Сонымен қатар, Көксу қант зауыты тарапынан тасымалдау шығыны тоннасына 1000 теңгеден өтелді, – деген аудан әкімі Е.Ахметов ауданда 1 957 шаруа қожалық барын, оның ішінде мал шаруашылығымен 502 қожалық айналысатынын айтты. Суармалы жерлерді суғару үшін 469 км канал тартылған. Ішкі шаруашылық



каналдарының ұзындығы 568 км құрайды. Суды үнемдеуге байланысты ауданда 8 ауыл шаруашылығы суармалы жерлерге арналған 13 дана жаңбырлатып суғаратын катушкаларды (877га) орнатты. Биылғы жылы 100 га жер учаскесіне 2 дана жаңбырлатып суғаратын фриггаттар сатып алынып, қолданысқа енгізілуде. Сондай-ақ, ауыл

шаруашылық техникаларын жаңарту жоспарымен биыл 14 дана техника алынды. Мал шаруашылығы бойынша үш айда ауданымызда мал санының өсімі байқалады. Қазіргі кезде мал төлдету науқаны қарқынды жүруде.

– Аудан бойынша барлығы 98 мың аналық мал басы тіркелген. Оның ішінде қой мен ешкінің аналық басы 73 мың. Жоспар 73 мың төл алу.

Бүгінгі күнге 64 мың төл алынды. Бұл дегеніңіз 87,8 пайызды құрайды. Ірі қара малының 17 600 аналық басы тіркелген. Жоспар 14 мың төл алу, оның 13 400 төлі алынды. 35,1 пайыз орындалды. Жылқының 7 300 аналық басы тіркелген, 5 400 құлын алу жоспарланған. Бүгінгі таңда 5 600 құлын алынып жоспар 102%-ға орындалды. Сүт өндірісінде ауданда 9 сүт фермасы жұмыс жасауда. 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы қорытынды бойынша 6 648 тонна сүт өндірілді. Ет бағытында 3 мал бордақылау алаңдары бар (1 700 басқа арналған). 2024 жылдың бірінші тоқсанындағы қорытынды бойынша 2 100 тонна ет өндірілді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығына 2024 жылдың бірінші тоқсанына тартылған инвестиция көлемі 215,5 миллион теңге, –

деген аудан әкімі Е. Ахметов «Ауыл Аманаты» жобасы бойынша 2023 жылы «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына Ескелді ауданынан 62 өтінім беріліп, 47 өтінім мақұлданып, 277,6 миллион теңге берілгенін тілге тиек етті.

Айтақын МҰХАМАДИ

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне
жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы

1 жылға – 3640 теңге.

облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы

1 жылға – 4477,20 теңге.

ауыл тұрғындары үшін

1 жылға – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка
на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции

на год – 3640 тенге.

для города областного значения через "Казпочту"

на год – 4477,20 тенге.

для сельского населения

на год – 4700,80 тенге.

Индекс: 15534



АКЦИЯ АЯСЫНДА

27 СӘУІР ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ СЕНБІЛІККЕ 8 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ШЫҚТЫ. ТАЗАЛЫҚ ШАРАСЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ЭКОАКТИВИСТЕР, ЕРІКТІЛЕР, МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР МЕН БАСҚА ДА ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ЖАЛПЫ ӨНІР ТҰРҒЫНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Бұл күні Талдықорған қаласында Қаратал өзенінің бойында ұзындығы 5 шақырымнан астам өзен арнасының іргелес аумақтары тазаланды. Шараға 2 мыңнан астам талдықорғандық қатысып, 25 техника жұмылдырылды, 165 ағаш отырғызылды.

Сонымен қатар жеке және көппәтерлі тұрғын үйлер маңындағы аумақтар, көшелер, тротуарлар мен арықтар тұрмыстық қалдықтардан, өсімдік қоқыстарынан және құрғақ шөптерден тазартылды. Облыстың бүкіл аудан-қалаларында тұрғындар белсенділік көрсетті.

- Бүгін ауылдағы үш мекеме – әкімшілік қызметкерлері, мектеп пен медицина мекемесінің мамандары бірлесіп, қоғамдық жұмыстағы азаматтар бар – бәріміз бір кісідей жұмылып, ауылымызды тазалауға, көркейтуге атсалысып жатырмыз. Көшелерді, үйлердің маңайын, арықтарды тазалап, ағаш отырғыздық. Оқушыларымыз да белсенділік танытты, - дейді Ақсу ауданы Кеңжыра орта мектебінің мұғалімі Айгерім Сабыржанқызы.

Сенбі күні жалпы облыс аумағында шараға 8,2 мың адам қатысып, 665 түп көшет отырғызылды және 240 тонна қоқыс шығарылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Фототілші: Жеңіс Ысқабай

СЕНБІЛІККЕ 8 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ШЫҚТЫ



ДЕНСАУЛЫҚ

Геморрагиялық инсульт – ауыр мүгедектік жағдайына алып келетін ауру. Инсульттің бұл түрі ер адамдар арасында жиі кездеседі, бірақ көп жағдайда одан әйелдер қайтыс болады. Алайда бұл аурудан болатын өлім-жітім көрсеткіші өте жоғары. Алғашқы 30 күнде миына қан құйылған пациенттердің 35-50 пайызы көз жоғары. Ал жүкті әйелдерде геморрагиялық инсульт қаупі жоғары болады. Көптеген адам инсульт белгілерін, соның ішінде бас ауруы, бас айналу немесе қолдың шаншуын жүктілікке қатысты деп қате қабылдайды.

ДӘРІГЕРЛЕР 31 ЖАСТАҒЫ ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІ ҚҰТҚАРДЫ

Геморрагиялық инсультпен өте ауыр жағдайда Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасына түскен 31 жастағы жас әйелдің өмірін сақтау қалу үшін аурухананың невропатолог, нейрохирург, акушер-гинеколог, кардиолог, реаниматолог, реабилитолог және сәулелік диагностика бөлімшесінің қызметкерлері бір айдан аса уақыт аянбай күресті.

- Талдықорған қаласының 31 жастағы тұрғыны Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасына геморрагиялық инсультпен, кома жағдайында түсті. Мамандар шұғыл түрде мультидисциплинарлық дәрігерлік консилиум құрды. Консилиум шешімімен екі күрделі операция жасалды. Жүктіліктің 25 аптасында болған әйелдің өмірі үшін медициналық мекеменің дәрігерлері 44 күн бойы күресті. Жетінші күні қарқынды терапия негізінде пациентте оң дина-



мика байқала бастады. Яғни, науқас есін жиып, гемодинамикасы тұрақтанып, өкпені жасанды желдету аппаратынан шығарылды, - деді аурухана директоры Асқар Сәдіқов.

Әрі қарай, жұмысқа 24 күнге созылатын жүкті пациентке арналған жеке бағдарлама әзірленген көпсалалы оңалту тобы қосылды. Бүгінгі күні емден кейін неврологиялық симптомдар қалпына келтіріліп, науқас ауруханадан үйіне шықты.

Егер бетте, қолда немесе аяқта, әсіресе дененің бір жағында кенеттен әлсіздік, шатастып сөйлеу, бас айналу, тепе-теңдікті жоғалту, себепсіз қатты бас ауруы геморрагиялық инсульт белгілерін байқасаңыз, дереу «жедел жәрдем» шақырыңыз.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МЕРЕКЕЛІК ШАРА

«ӘНШУАҚ» БАЛАЛАР ФЕСТИВАЛІ ӨТУДЕ

«Әншуақ» атты қазақ тіліндегі алғашқы балалар әніндегі фестиваль 2024 жылдың ақпан айынан бері өтіп келеді.

Фестиваль білім министрлігінің жоспары бойынша білім ордаларына жіберілген арнайы бағдарлама. Бағдарламаның аясында байқаудың негізгі мақсаты айқындалған. Фестиваль әсіресе өнер мектебіндегі білім алатын өрендерге үлкен қолдау болды. Біз бұл бағдарламаны яғни, байқаудың толық шарттарын бұған дейін де өнер мектебінде жыл сайын жүзеге асырып келгенбіз. Оның мақсаты қазақ тіліндегі балалардың орындауындағы өнеріне тарту, музыкалық репертуарды кеңейту, мәдени дәстүрді сақтау, рухани-адамгершілік тәрбие беруде шығармашылық деңгейін қалыптастыру. Өнер мектебі осы жылдың екінші айынан бері аталған бағытта ашық сабақтар, тәрбие сағатын, өн фестивалін, жеке дауыста орындаушылардың шебер сабақтарын өткізуде. Мәдени дәстүрлерді сақтау, қазақ өн өнерін қолдау және дамыту жүйесінде жыры, терме, айтыс, дәстүрлі ән сыныптары арасында бәсекелі фестиваль өтті. Шығармашылықтың қолжетімді түрі ретінде балалардың өн айтуға деген қызығушылығын оятуда. Осы бағдарлама аясында өнер мектебіндегі Вокал пәніне музыкалық репертуарлар кеңеюде. Фестиваль аясында балаларды музыка арқылы тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін дамытуда рухани-адамгершілік тәрбиесі одан бетер нығайып қалыптасуда. Білім министрі бекіткен республикалық фестивальдің мақсат міндеттерін біздің өнер мектебі бір ауыздан қолдайды. Мақсат мүддеміз де бір тараптан шығуда. Сондықтан Талдықорған қаласының балалар өнер мектеп ұжымы мұндай фестивальдардың жылма-жыл аясын кеңейтіп, жас өрендерге ұлттық және рухани тәлім-тәрбие беруде атсалыса беретін болады.

Тұрсынхан ҚАРАҚОЖАЕВА,
Талдықорған қаласының Балалар өнер мектебінің директоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі.

«АНАЖАН» КОНЦЕРТІ ӨТТІ

Жетісу облысы, Талдықорған қаласында Қазақстанның халық әртісі Д.Рақышев атындағы облыстық филармониясында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Жетісу сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің жетекшісі – Т.Қарақожаеваның ұжымы «Анажан» атты шығармашылық концертін өткізді.

Кеште Қазақстан ақындарымен бірлесе жазған шетел композиторларының шығармалары кеңінен орындалды. Сондай-ақ, заманауи үлгіде кинофильмдерден алынған мақам саздары фольклорлық-этнографиялық ансамбльдің түрленуімен жаңғырды. «Жетісу сазы» ансамблінің репертуарлық бағдарламасында жетекші Т.Қарақожаеваның жеке орындауында прима қобыз аспабында Д.Шостаковичтің «Вальс №2», әнші Ж.Такебаевтың орындауында М.Шаханов пен Н.Тілендиевтің «Әке туралы әні», Ф.Қайырбеков пен

Ш.Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» әндері шырқалды. Сонымен қатар К.Д.Скалповичтің «Derniere danse» шығармасы, Poul de Seppevil «Mariage de amour» әні, А.Шамкенов, Ж.Сеитовтың «Ана туралы баллада», К.А.Зацепиннің «Тақиялы періште», Халық әні «16 қыз», М. М а ч е к и н м е н Ш. Қ а л д а я қ о в т ы ң бірлескен «Бәрінен де сен сұлу» атты әндері көрермен көңілінен шықты. Әншілердің о р ы н д а у ы н д а ғ ы ескірмеген ескі әндердің әуеніне толққан залдағы көрермен қауым әншілермен қосыла ән шырқайды. Айтулы өнер ұжымының шығармашылық концертінде Арқа төсіндегі Астана қаласынан Нұрлан Нұртазин, Алатау бауырындағы Алматы қаласынан Қайырғазы



ағамыз және бірнеше өнер қайраткерлері атсалысты. Концерттің басты ерекшелігі фольклорлық жанр мен эстрадалық жанрдың үйлестірілген үлгісі көрермен көңілінен шықты. Бұл «Жетісу сазы» фольклорлық-этнографиялық

ансамблінің Жетісу облысы болғалы ұйымдастырылған алғашқы концерті. Тағы бір ауыз толтырып айта кететін жетістік Талдықорған қаласында өткен республикалық байқауда жүлделі 1 орынды жеңіп алуы. Байқауға қатысқан 9 өнер

ШАРА

ұжымының арасындағы «Жетісу сазы» ансамблінің қол жеткізген жетістігі небәрі 1 жылдың ішінде ғана болған зор қуаныш. «Жетісу сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі Т.Қарақожаева бұған дейін Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармониясында «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамбліні басқарып, Қазақстан ішінде және шет мемлекеттерде гастрольдік сапарлар жасаған. Республикалық және халықаралық байқауларда топ жарған фольклорлық ансамбль бүгінде жаңаша түрленіп «Жетісу сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі болып қайта құрылды. Шығармашылық ұжым жаңа бағдарламалары мен репертуарларын толықтырып, ұдайы ізденісте. Н.Тілендиевтің төл шәкірті Т.Қарақожаева басқарған фольклорлық-этнографиялық ансамбль ұлт аспаптарынан құралған ұжым.

Д. КАНАБЕКОВА,
Талдықорған Балалар өнер мектебінің тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары.

К.К.ТОКАЕВ ПРЕДУПРЕДИЛ БЛОГЕРОВ СТРАНЫ ОБ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА РАСПРОСТРАНЕНИЕ ДЕЗИНФОРМАЦИИ



Касым-Жомарт Токаев обратился к блогерам и представителям СМИ во время заседания XXXIII сессии АНК «Единство. Созидание. Прогресс», передает корреспондент Altainews.kz.

Средства массовой информации и отдельные граждане, называющие себя блогерами, должны понимать, что нагнетание истерии вокруг стихийного бедствия и огульные обвинения идут во вред консолидации общества, создают иллюзию утраты контроля за ситуацией со стороны государственных органов, что является дезинформацией, - сказал Глава государства.

Президент отметил, что подобные действия порождают социальную депрессию со всеми ее очевидными последствиями, а во избежание такого рода нежелательных явлений будут приняты меры правового воздействия на лица, ведущие атаки на безопасность государства.

В то же время властные органы всех уровней обязаны находиться в тесном контакте с гражданами страны, особенно с авторитетными и ответственными активистами, выслушивать мнение народа и, главное, принимать быстрые и правильные решения. Подавляющее большинство граждан понимают, что государству сейчас приходится распутывать клубок множества застарелых проблем. Правительству необходимо, с одной стороны, в авральном режиме наводить элементарный порядок во многих сферах, а с другой — закладывать основу дальнейшего устойчивого развития страны, - заключил Касым-Жомарт Токаев.

ПРЕЗИДЕНТ РК

«ЭТО НЕ РАЗОВАЯ КАМПАНИЯ, ЭТО ОБРАЗ ЖИЗНИ!»

В рамках республиканской экологической акции «Таза Қазақстан» Глава государства Касым-Жомарт Токаев принял участие в городском субботнике и посадке деревьев в столичной аллее «Улытау».



Данную акцию также поддержали волонтеры, представители организации «Ассамблея жастары», активная научная, креативная, творческая, спортивная молодежь, участники предстоящих V Всемирных игр кочевников, члены Президентского молодежного кадрового резерва. В ходе мероприятия было высажено 430 саженцев липы, передает ИА Еl.kz со ссылкой на пресс-службу Акорды.

В ходе субботника Глава государства побеседовал с молодежью. Президент отметил важность формирования культуры экологии и бережного отношения к природе.

«Безусловно, благоустройство и озеленение нашей страны — дело огромной государственной важности. Это не разовая кампания, то есть сегодня вышел, а завтра забыл. Такая работа должна проводиться регулярно. Это общенациональная задача. Мы должны заботиться о нашем общем доме — Казахстане. Никто не будет приезжать в страну, где нет чистоты в качестве гостя или инвестора. Но, прежде всего, это нужно нам, его гражданам, чтобы Казахстан всегда был чистым и красивым. Это должно стать образом жизни. Это вопрос не только нашей столицы или крупных городов, он касается и малых городов, районов, сел. Весь Казахстан должен быть чистым. А это зависит от нас и от молодежи. Я верю в нашу молодежь», сказал Глава государства.

Касым-Жомарт Токаев отметил, что всем необходимо следовать принципу верховенства закона и порядка, а также призвал к решительной борьбе с вандализмом.

- Мы должны гордиться своей страной. Бережно относиться ко всему, будь это улица, двор или

подъезд. Решительно бороться с вандалами. Я уже говорил, что с ними будем поступать жестко и по закону. А то где-то натворят дел, а потом просят прощение. Порядок должен быть в стране. Мы должны соблюдать законы, - заявил Президент.

Глава государства также осмотрел Ботанический сад и выразил благодарность жителям, участвующим в общегородском субботнике и работникам коммунальных предприятий столицы.

Главе государства был презентован план дальнейшего озеленения и благоустройства столицы.

Как сообщил аким Женис Касымбек, в этом году планируется высадить 1,1 млн зеленых насаждений, из них 35 тыс. в городе, 200 тыс. саженцев — вокруг зеленого пояса Астаны.

Кроме того, будет продолжена работа по благоустройству 170 общественных пространств. В частности, предусмотрено улучшение набережной Есиль и Акбулак, территории Триатлон парка, Дворца мира и согласия, ЭКС-ПО.

По словам акима, в прошлом году был принят устав озеленения столицы, в котором предусмотрены гарантийные обязательства на высаженные зеленые насаждения в течение 3 лет, а также приоритетность посадки крупномерных деревьев и многолетних растений.

Главе государства также рассказали о плане развития «Аллеи Тысячелетия» и подготовки к предстоящим Всемирным играм кочевников.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

В ОКСФОРДСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ БУДУТ ПРЕПОДАВАТЬ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

МИНИСТР ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ РК МУРАТ НУРТЛЕУ АНОНСИРОВАЛ ПОДПИСАНИЕ МЕМОРАНДУМА ОБ ОТКРЫТИИ КУРСОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В ОКСФОРДСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ НА ВСТРЕЧЕ С МИНИСТРОМ ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ ВЕЛИКОБРИТАНИИ ДЭВИДОМ КЭМЕРОНОМ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ АГЕНТСТВА KAZINFORM.

Как отметил глава МИД РК, одна из общих ценностей для Казахстана и Великобритании — человеческий капитал. В последние годы активно развивается партнерство в сфере образования.

— Британская система науки и образования всегда выделяется своей привлекательностью для наших студентов и ученых. Например, в текущем году в Лондоне подписаны соглашения по партнерской и дудипломной программе между университетами «Нархоз» и «Queen's». Согласно договорен-

ностям колледжа «Primus Capital» и «Ardingly», в Казахстане также есть планы по открытию двух международных школ. Сегодня в Оксфордском университете будет подписан меморандум об открытии курсов казахского языка, - сообщил Мурат Нуртлеу.

По его словам, в соответствии с поручением Президента РК Касым-Жомарта Токаева по изучению нашей истории и культурного наследия был запущен ряд инициатив.

— Например, в библиотеках британских университетов Оксфорд и Манчестер, а также в Национальном музее



были обнаружены важные рукописи и книги, относящиеся к истории казахского народа. Пять веков назад, в 1562 году, была опубликована карта британского дипломата Энтони Дженкинсона «Ка-

захия». Несомненно, такие богатые и точные данные в будущем найдут свою справедливую цену и станут основополагающим фактором, соединяющим две страны.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТӨРТ ТҮЛІГІМ ТӨЛДЕДІ, ШИКІЗАТЫ ӨНБЕДІ

**«ТҮЙЕ БОЗДАП, ҚОЙ ҚОЗДАП - ҚОРА ДА ШУ,
КӨБЕЛЕКПЕН, ҚҰСПЕНЕН САЙ ДА ДУ-ДУ.**

ГҮЛ МЕН АҒАШ МАЙЫСЫП ҚАРАҒАНДА,

СЫБДЫР ҚАҒЫП, БҰРАҢДАП АҒАДЫ СУ» – ДЕП, ҚАЗАҚТЫҚ

БАС АҚЫНЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЖЫРЛАҒАНДАЙ, КӨКОРАЙ КӨКТЕМГЕ АМАН САУ ЖЕТКЕН ШАРУАЛАР ҮШІН ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ ҚАРБАЛАС. ДИҚАН ҚАУЫМЫ ҮШІН ЖЕР ЖЫРТЫП, ЕГІН ЕГУ ШАРАСЫ ҚАРҚЫН АЛСА, МАЛШЫ ҚАУЫМЫ ҮШІН КӨКТЕМГІ МАЛ ТӨЛДЕТУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ.

Биылғы қыс шаруалар қауымына оңайға соқпады. Қардың қалың түсуі, тұяқты малдың тебіндеп жайылуына кесірін тигізіп-ақ бақты. Өткен жылы алдағы қысқа тиянақты дайындалып, жем-шөп қорын молынан жинап алған жетісулық шаруалар қыстың қытымыр мінезінен қанша қиналса да, төрт түлікті көктемге аман-есен жеткізіп, төл науқанына кірісті. Қазақтың «көтерімнің аузы көкке жетсе, көксауда өлмейді» деген аталы сөзі осындайда ойға түседі. Арық-тұрағының аузы көкке ілініп, қоңды малы төлдеп жатыр. Жетісу өңірінің сегіз ауданында қой қоздап, қорадағы шудан құлақ тұнады. Жоңғар қақпасының аузында орналасқан, шығыстағы Алакөл ауданында қыстаудағы малдың бәрінде жем-шөп қорымен, малды суғаратын тоғандар мен құдықтар бар. Шопан қауымы үшін барлық жағдайлар жасалып, мал төлдетуге сақпаншылар да тартылған. Өңірде бүгінгі күнге дейін барлығы 7 233 мал төлдеген. Оның 1 106-сы – ірі қара, 6 121-і – ұсақ мал, қалғаны қыл құйрықтыдан алынған құлын. Қанарлы қыстан аман сау шыққан ауданның тағы бірі Ұлы Жібек жолының бойындағы Панфилов ауданында қыста мал басының көп шығынға ұшырамағанын айтуға.

– *Жаркенттіктер мал қыстату мен төлдету науқанына тыңғылықты әзірленген. Көктемгі төл алу науқанына төрт түліктің бәрі қоңды келді. Науқанға қажет жемшөп қоры жеткілікті екенін, малдың қысқы және көктемгі науқанға жалпы 203,4 мың тонна көпжылдық және табиғи шөп, 23 600 тонна жоңышқа, 28,3 мың тонна сүрлем, 35,1 мың тонна сабан, 15,7 мың тонна пішендеме және 52 мың тонна жүгері жемі дайындалды, –* дейді аудан әкімі Марат Сағымбеков. «Мал өсірсең қой өсір, табысы оның көл көлсір» деген ата-бабаларымыз қой шаруашылығына аса ден қойған. Қазіргі күнде ауданда 152 061 ұсақ мал төлдеуде. 137 672 саулықтың наурыз айының екінші он күндігіне дейін мыңнан астамы төлдеді. Жалпы, төрт түлікті асылдандыру бағытында «Жетісу» аймақтық қой шаруашылығы қауымдастығы шетелдерден асыл тұқымды қошқарлар әкеліп, облыстағы қой тұқымын асылдандыруға жәрпемдесуде. Өткен жылы өңірдегі

көптеген жеке шаруа қожалығы аталған қауымдастықтың көмегін пайдаланды. Қауымдастық бұл шаруашылықтарда науқан кезінде техник ұрықтандырушыларын өздері дайындап, ұрықтандыру пункттерін де жабдықтап берді. Нәтиже жақсы, қозылар ірі туады. Биылғы көктемде Жаркент өңірінде қой, ешкіден 60 928 төл, ірі қара 50 977 аналық бастан 14 235 бұзау, 10 165 биеден 236 құлын алынса, түйе 206 аналық әлі боталаған жоқ. Жалпы, маңызды науқанның алғашқы нәтижелері жаман емес дейді аудан әкімі Марат Сағымбеков. Ауданда 13 916 ірі қара, 1 801 жылқы, 20 380 ұсақ мал. Облыстың сегіз ауданында мал төлдету науқаны қарқын алуда. Мәселен, Сарқан ауданындағы Амангелді ауылдық округіндегі Айдар Барлыбаев қой шаруашылығын ата-бабамнан қалған кәсіп дейді. Атасының ақ таяғын қолына алған Айдар сонау тоқырау заманында болашағын мал өсірумен болжаған азамат. Ел «екі қолға бір күрек» таппай қиналғанда кәсібін мал өсірумен бастаған. Жекеменшіктің дәуірі басталғанда 120 ірі қараны бордақылап етін саудалапты. Табыстың әрі кәсіптің көзі малда жатқанын аңғарып, 2006 жылы «Айдар» шаруа қожалығын құрады. Сол жылы төндер арқылы халықаралық банктен 3 миллион теңге ұтып, қажетті құрал-жабдық сатып алған. Шаруашылық құру барысында Алматы қаласындағы ғылыми қызметкерлермен ынтымақтаса жұмыс істеген. Ол 2009 жылы қойдың тұқымын өсіретін асыл тұқымды шаруашылығы мәртебесін алып, содан бері қой шаруашылығын дамытып келеді.

«Еділбай қойы – ет-май өндіру бағытында өсірілетін қылшық жүнді, құйрықты қазақы қой тұқымының бір түрі. Еділбай қойы өсімтал әрі тез ет алады. Осындай қасиетіне қызығып әрі осы өңірде өркен жаюын ойлап, 2007 жылы Семей қаласынан 300 бас «еділбай» тұқымды тоқты, 110 ешкі сатып алдық. Сөйтіп, шаруашылықтың негізі қаланды. Қазір бір отар қойға айналды. Осылайша, мал басын көбейтуге өз тарапымыздан үлес қосып келеміз. Мал бағып отырған шопандарға барлық жағдай жасалып жатыр», – дейді Айдар Барлыбаев. «Қойың тусын



егізден, ешкің тусын сегізден» деп тәмсілдейтін қазақтың айтқаны айдай келіп жатыр. Егізіңіз не, ұсақ малдың бесеуден туғанын естіп, көріп жүрміз. Көксу ауданында Ерлан Әлімбаевтың тұсақтары бірден бесеуден қоздаған. Мал иесі қолдан ұрықтандыру тәсілін қолданбай, табиғи жағдайда бір саулықтан бес төл алыпты. Жылт еткен жаңалықты ести сала Ақтекше елді мекенін бетке алдық. Қойшы тәуелсіздік алған кезеңде өзіне тиесілі жерді еншілеп, 2000 жылдардан бастап атакәсіпке ден қойған. Әкесі Болатбек ақсақал да малсақ болыпты. Әкесінің жолын қуып, қой өсірумен айналысқан Ерлан бүгінде 60 шақты мүйізді ірі қара, 60-тан аса қой-ешкі, 40 жылқы бағуда. Қойы бес төл қоздаған азаматтың айтуынша, былтыр Шопан ата тұқымы үшеуден төлдеген.

«Бұған дейін қой басын бес жүзге жеткізгенбіз. Әйелім екеуіміздің шамамыз келмеген соң, уақ малдың санын азайттық. Тұқымды асылдандыруға қазір көп шопан қолданып жүрген гиссар тұқымына көштік. Етті тұқым ғой. 2023 жылы бес саулығым үш қозыдан төлдеді. Өткен жылға өкпе жоқ. Берекелі болды, биыл ақ саулық бес қозы қоздады. Биыл да құтты жыл болмақ», – дейді Е.Әлімбаев. Құдай қосқан қосағы Гүлнұр екеуі бес бала тәрбиелеп өсіруде. Өткен жылы қойлары үштен төлдесе биылғы жылы бес қозы тапқан ұсақ малы ырысын арттырып, берекесін кіргізіп-ақ отыр. Кейіпкеріміз қазір төрт түлік асыраудың оңай емесін, қасына көмекшілікке адам таппағанын да жасырмады. Елді мекеннің маңайы тұтас егістік болған соң тау бөктерін паналап жүрген жайы бар. Шопанның көңілін алаңдатып отырған мәселесі өзіне көмектесетін көмекші шопанның жоқтығы, әрі елді мекеннің маңының бәрі егістікке айналуы, біраз шаруаны қиындатқанын

айтады. «Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші ірі қара болсын, ұсақ мал болсын күрмеу тарқамай, әлі күнге күрделі мәселеге айналған тақырып, ол малдан алынатын жүн терінің өтпеуі, ысырап болуы шопан қауымының көңілін алаңдатууда. Кешегі кеңестік кезеңде тері илеп өнім шығаратын Семейдегі ірі кәсіпорын талан-таражға түскен соң, көзін тапқандар көрші Қытай мен Моңғолия мемлекетіне тасымалдады. Қазір ол да саябырсыды. Табындап сиыр, үйірлеп жылқы, отарлап қой өсіргенімен, одан алынатын шикізат игерілмей қалуда. Бұл да табыстың қайнар көзі еді. Етін жеп, жүні мен терісін далаға тастау обалды. Жағымыз талмай айтып келеміз, үкімет қашан мұны бір жүйеге түсіреді. Өлі көмескі күйінде қалып келеді дейді малсақ қауым. Ия, малшы қауым айтса айтқандай, малшылардың бұл арман тілегі қашан жүзеге асарын бізде дөп басып айта алмаймыз. Терісі мен жүні түгілі мүйізінің өзінен кеңестік кезеңде өнім шығарылған еді. Малың егіз тапса қуанасың, ырысымыз артты дейміз. Бірақ, малдан алынған шикізатты өңдеу, тәуелсіздігіне 40-жылға таяп қалған Қазақстанда мал өнімдерін өңдейтін кәсіпорын жоқ дегенге таңдай қағып бас шайқайсың. Қазақтың жаны малмен бірге еді ғой! Сонда біздің үкімет ауыл шаруашылығына қашан түбегейлі ден қояды. Мал төлдеп, бестен-үштен қозы беріп, малыңның басына мал қосылып отыр. Ендеше шопан қауымға қашан қамқорлық жасалады. Жекеменшік өз күнін өзің көр, малдан алған шикізатты да өңдейтін зауытты өздерің салып ал демесе экспортқа шығатын тері мен жүнді өңдейтін өндіріс орнын салатын уақыт әлде қашан туған-ды. Жылдың төрт мезгілінде мал соңында жүрген малшы қауымға Алла күш қуат берсін!

**Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.**

БҮГІНГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАРДЫ ЕЛІКТІРІП, ЕСІНЕН ТАНДЫРЫП ТҰРҒАН ЕКІ ЗИЯНДЫ ӨНІМ БАР. ОЛ ЕСІРТКІ МЕН НАСЫБАЙ. КӨК ШЫБЫҚТАЙ СОЛҚЫЛДАҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕР ОСЫ ЕКІ ӨНІМГЕ ЕЛІТІП, БОЛАШАҚТАРЫНА БАЛТА ШАУЫП ЖҮР. ӘРІ САУДАЛАЙДЫ, ӘРІ НАСЫБАЙДЫ АТАДЫ, ЕСІРТКІНІ ШЕГЕДІ, НЕ ТАМЫРЫНА ЕГЕДІ. ЕСІРТКІГЕ ЕСІ КЕТКЕНДЕР ЖАЙЛЫ САН МАҚАЛА ЖАЗДЫҚ. ЖАС ТАЛҒАМАЙТЫН АДАМ БАЛАСЫНЫҢ САНАСЫН УЛАП, ЖАДЫН ӨШІРЕТІН ӨНІМ ДІ САУДАЛАУШЫЛАРА АРАСЫНДА МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ МЕН ТІПТІ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРІ ӨШКЕРЕ БОЛУДА. ҚОҒАМДЫ АЛАҒДАТҚАН ЗИЯНДЫ ӨРЕКЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ «НАСЫБАЙ» ТАРАТУШЫЛАРУШІН ЗАҢЖҮЗІНДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ТЫМ ТӨМЕН ЕКЕНІН АТЫРАУДА ӨТКЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ҮШІНШІ ОТЫРЫСЫНДА АЙТҚАН БОЛАТЫН.

төленеді. Бұл туралы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіне жазылған. Насыбай саудасына бұқара халықтың өзі де қарсы болып тұр. Бұл туралы полиция өкілі Руслан Қаржаспековтың айтуынша, мұның себебін шағын және орта бизнесті тексеруге жарияланған мораториймен түсіндірді. Сондықтан құқық қорғау органдары сату нүктелерін өздігінен тексере алмаған. Дегенмен полиция насыбайдың заңсыз сатылуы туралы азаматтардың өздері хабарлаған жағдайларды қолданады дейді. Оның айтуынша, 2023 жылы Қазақстанда насыбай сатудың 190-ға жуық фактісі және қоғамдық орындарда заңсыз пайдаланудың 18 мың жағдайы тіркелген. Ішкі істер министрлігі «Заң

бұйымдарды тұтынуға тыйым салуды бұзу), 37, 441-1 бап бойынша (Көлік құралдарында кәмелетке толмаған адамдар болған кезде темекі бұйымдарын қолдану). 423-1 бап бойынша (темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды сату) - 5. Құқық бұзушылыққа жол берілетін себептердің алдын-алу туралы УПІ-мен 13-ұсыным шығарылып, оның ішінде жеке тұлғаларға - 12 және заңды тұлғадан бір адам бар. «Насыбай» өнімдерінің жолын кесу жолында қазақстандық полицейлер күресуде. Министрліктің мәліметінше, насыбайды сатудан бөлек, оны қоғамдық орындарда тұтынуға тыйым салынған. Атап айтқанда, білім беру мен

НАСЫБАЙ САТСАН ДА,

АТСАН ДА ЖАЗАЛАНАСЫҢ

«Денсаулыққа зиян, әрі ұят әдеттің бірі – насыбай ату. Оның қалай жасалатыны белгілі. Ешқандай санитарлық талап сақталмайды. Құрамында түрлі дертті, оның ішінде онкологиялық ауруларды қоздыратын заттар бар. Насыбайды өндіруге және таратуға 2015 жылы тыйым салынған. Бірақ әлі күнге дейін көшеде, тіпті азық-түлік дүкендерінде ашық сатылып жатыр. Құқық қорғау мекемелері ешқандай шара қолданып жатқан жоқ», – деген президенттің сынынан кейін Республика бойынша атқа қонған құқық қорғау органдары насыбаймен күреске білек сыбана кірісті. «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» демекші, енді емін-еркін насыбай сатуға тыйым салынды. Оны сатқандар да, атқандар да жазасыз қалмайтын болды. Осы насыбай өнімін ер балалар түгілі қыз балалар да алатын болған. Не болса соған әуестіктері артқан жасөспірімдер зиян деп тыйым салған нәрсеге өшігетіні бар. Насыбай, есірткіден бөлек, электронды шылымға құмартты. Насыбай атып, кез-келген жерге қақырып, түкіріп кете беретін жағымсыз әдетке үйірсе болды. «Атабамамыз атқан» деп алданып жүрген жасөспірімдер ненің зиянды, ненің зиянсыз екенін білмейді емес, біледі. Саудасы өту үшін не болса соны араластырып, насыбай саудалағандардың жұмысы қызып тұрды. Енді насыбайға құмартқандар мен саудалаушылар жасырын әрекетке көшеді. Ол айдан анық нәрсе. Тыйым салынды деп насыбай жасаушылар, әрі саудалаушылар керағар әрекеттерін тоқтата қоймайды. Жасырынбақ ойнағандай құзырлы органдардан жасырып саудасын дөңгелеткендер әлі талай анықтала жатар. Есірткімен күрес кезінде қылмыстың жолын қияды деген полицейлердің өзі есірткіні таратуға дәнекер болып тұтылғанын білеміз. Енді насыбайды саудалаушылар мен тиянақты күресе ме, жоқ әлде жең ұшынан жалғаса ма оны уақыт еншісіне қалдырайық.

«Жағымсыз қылықты ата дәстүрі санайды. Шын мәнінде, бұл барып тұрған мәдениетсіздік. Оны тоқтату керек. Жалпы насыбай өндіріп, таратқаны үшін заң жүзінде белгіленген жауапкершілік тым төмен. Қазір осыған қатысты заңдарға түзету енгізу мәселесі қарастырылып жатыр. Онда вейб



қана емес, насыбай таратқаны үшін де қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген. Бұл қадам насыбайға толық тыйым салуға мүмкіндік береді», – дейді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтайдағы сөзінде. Демек насыбайды сатуға да, атуға да толық тыйым салынды. Заң шынымен жүзеге асып, талап қатал сақталса құба-құп. Ал, заң қағаз жүзінде қалып, зиянды өнімдер астыртын саудаланып, оны тұтынушылар қатары сиремесе қайтпекпіді. Нақты дәлел ретінде есірткі өнімін айтуға болады. Бұл зиянды өніммен бүкіл әлем болып күресіп келеміз. Бірақ, жеті басты айдаһардай бір басын шапсаң екінші, үшінші, жетінші басы сопаң етіп шыға келеді. Оны тұтынушылар да, саудалаушылар да жеңіл жаза алмайды. Ауыр жаза арқалайды. Алайда, абақтыдан орала салып, байғырғы қылмысын қайта жасап жүргендер жетерлік. Ал, халық қалаулылары мектеп оқушыларының еш кедергісіз насыбай атып жүргенін айтып, парламент мінберінен мәселе де көтергенді. Енді, насыбай сатқандарға 25 АЕК немесе 92 500 теңге айыппұл қаралған. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, насыбайды әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салу көзделген. Шегілмейтін темекі өнімдерін заңсыз сатқаны үшін 25 АЕК немесе 92 мың теңгеден астам мөлшерде айыппұл

және тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету мақсатында 18-31 наурыз аралығында республикалық жедел-алдын алу іс-шараларын жүзеге асырды. Ақцияның алғашқы күні полицияға 28 азаматтан темекі өнімдерін сату және тарату бойынша хабарлама түскен. Сондай-ақ бірінші күні 548 әкімшілік құқық бұзушылық, оның ішінде заңсыз сауда жасаудың 241 фактісі, жекелеген қоғамдық орындарда темекі мен темекі өнімдерін тұтынуға тыйым салуды бұзу бойынша 234 дерек, 21 жасқа толмаған адамдарға темекі мен темекі бұйымдарын сатудың 26 фактісі мен 18 жасқа толмаған жеткіншектердің темекі мен темекі бұйымдарын сатып алуы бойынша 27 дерек тіркелген. Жалпы, насыбай профилактикасына 6 мыңнан астам полиция қызметкері тартылған. Жетісу облысында, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылдың 18-і мен 31 наурыз аралығында «Насвай» жедел-профилактикалық іс-шарасына 221 қызметкер жұмылдырылған. Іс-шара кезінде облыс аумағында шегілмейтін темекі өнімдерін сату бойынша 4 дерек, 92 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Оның ішінде: 196 бап бойынша (тауарларды немесе басқа заттарды заңсыз сату), 45, 441 бап бойынша (белгіленген орындарда темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар

денсаулық сақтау ұйымдары, мәдениет нысандары, қоғамдық тамақтану орындары, түнгі клуб, пойыз, ұшақ, әуежай, вокзал мен аялдамаларда тұтынуға болмайды. Сондай-ақ мемлекеттік мекемелер, жұмыс орны, тұрғын үйдің кіреберісі, жанармай құю бекеті, балалар алаңы мен кәмелетке толмаған балалардың көзінше автокөлікте пайдалануға тыйым салынған. Аталған жерлерде тұтынған адамға 15 АЕК-ке бір жыл ішінде қайталанған жағдайда 20 АЕК-ке дейін айыппұл салынады. Ведомство құқық бұзушылықты үш жолмен анықтауды көздеуде. Біріншісі – полицейлердің өздері анықтайды, оның ішінде бейнежазба камераларының көмегіне жүгіну, екіншісі – мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар ақпаратының көмегі арқылы анықтау, үшіншісі – жеке тұлғалар берген мәлімет пен БАҚ материалдарының көмегі арқылы күресіп. 2015 жылы насыбайға қарсы заң шыққанымен онымен полиция өкілдері толық пәрменде күрескен жоқ. Осыған байланысты не себепті терілмей келгенін де түсіндірді. 2019-2023 жылдары елімізде шағын кәсіпкерлікті тексеруге мораторий жарияланды. Сондықтан тексеріс жүргізілмеді. Биыл жыл басынан бастап шектеулер алынды деді ІІМ. Насыбайды тұтынған адам міндетті түрде түкіреді. Бұл қоғамдық орындарды ластауға әкеледі. Мұндай әрекетке барғандарды қоғамдық орынды ластағаны үшін әкімшілік жауапкершілік күтіп тұр. Ол 5 АЕК айыппұл, қайталанса 10 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуді көздейді. Бұдан бөлек, Қазақстанда насыбай сатушыларды қылмыстық кодекстің шеңберінде жауапқа тарту мәселесі көтеріліп жатыр. Қазір тиісті заң жобасы Сенаттың қарауына жіберілген. Сондай-ақ вейб сатушыларға да жаза күшеймек. Қазақстанда қанша адамның насыбай тұтынатыны туралы нақты ақпарат жоқ. Бұл өнімнің адам денсаулығына аса зиян екенін дәрігер мамандар да айтуда. Насыбайға тәуелділік бауыр циррозы мен гепатит ауруын тудырады. Оның құрамында тұрлі зиянды қоспалар бар. Ол адамның ұйқысы мен психикасының бұзылуына әкеп соғады дейді. Енді насыбаймен күрес мемлекеттік деңгейде бақылауға алынды.

А. БҰЛҒАҚОВ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 6 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

15.00Т/х «Өртенген сезім»
18.35, 03.00 Дау -дамайсыз
19.30,03.45 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.45 Горячий
01.20 «Было дело»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Шіркін-ай»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Ділмар»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Менің балалық шағым»

14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ой-сарап»
17.00 «Әсем әуен»
17.30«Ойлан»
18.00 «Елге қызмет»
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Жетісу-спорт»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматынская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Өзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 23.10Т/х «31 өзіл»
09.00 «Мультфильм»
09.30 Мультфильм
10.00 Легионер
12.00 Ханзада жумонг
14.50 Тикток шоу
15.20 Стратрек Возмездие
17.20 Ямакаси
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Время патриотов»
23.00 Ханзада Жумонг
01.00 «31 өзіл»
02.20 Тик-ток шоу
03.00, 04.30 Ватсап
03.30 Өзіл студио
03.50 «1001 өзіл»
04.00 Bala Battle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Тойлайк»
06.02Т/х «Qели»
06.20 Зың-зың Күлпәш
07.10 Махаббат қызық хикая
08.10 Жұлдыздар шеруі
10.20 Развлекательная программа
11.40 Балабол-7
17.00 Бізбен бірге
19.00 Т/х Түпсана және жасыл нәски
19.30 А.Л.Ж.И.Р
22.50 Брак по завещанию
23.50 Т/х Өзіл ман
01.00 Махаббат қызық хикая
02.00 Бастық боламын
02.40 Тойлайк
03.27 «Үзіліс»

ХАБАР

05.00 «Мегахит»
07.00 «Оян!»
10.00 «Біздің назарда»
10.25Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00 Т/х«Жазмыш»
13.00 Тағдырға сен -2
14.00 Қарлығаш ұя салғанда
15.00Т/х «Күзгі аспан»
16.00 Сериал Капкан для золушки
18.00 Новости
18.20 Ток-шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

06.20Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-5»
10.00,00.00 «По синим волнам»
11.00 «Кеш келген махаббат»
12.20,23.10Т/х «Шаньян ханшайым»
13.20 Жалғыз Жауқазын
15.10, 00.50 Сериал «Склифософский-5»
17.00 Серебрянный бор
20.00 «Астана таймс»
21.55 Қорғаушы ханым

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00,03.55 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.45 «Жди меня»
11.05 «Давай поженемся!»
11.55Храни меня дождь
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.25 Басты жаңалықтар
19.00, 02.45 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «100 дней свободы»
00.20 Сериал «Битва за Ростов»
01.25 Ночной кинотеатр. Синие ночи

КТК

07.05 «Өнім сен едің»
07.55Т/х «Жат туыстар»
10.40, 02.05 «Парад юмора»
13.00 Мелодрама «Сыщницы»

Сейсенбі - Вторник, 7 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 Бірлігіміз жарасқан
07.00 «Таңшолпан»
10.00 «Бүркітші қыз»
13.10 Өн мен әнші
15.15, 01.40 «Отандастар»
16.05 «Сағадат салған жол 100 жыл»
16.40 Концерт
20.30 Алашұлы
00.00 Қазбат
01.50«Сағадат салған жол 100 жыл»

ХАБАР

05.00 «Алпыстан асып барамын»
07.00 «Оян!»
10.00 «Мультфильм»
10.25 «Сағадат салған жол 100 жыл»
12.00 Бауыржан Момышұлы
14.00 Кебенек
16.00 Коммисарша
18.00 Концерт
20.00 Тағдырға сен-2
21.45 Ұлболсын
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-5»
10.00,00.00 «По синим волнам»
11.00 «Кеш келген махаббат»
12.20,23.10 Т/х «Шаньян ханшайым»
13.20 Жалғыз Жауқазын
15.10, 00.50 Сериал Шестой Пост
17.00 Серебрянный бор
20.00 «Астана таймс»
21.55 Қорғаушы ханым

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ең алғашқы»
07.00,03.55 «Паутина»
08.45 Одна война
09.45 «Жди меня»
11.05 «Давай поженемся!»
11.55 Храни меня дождь
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.25 Басты жаңалықтар
19.00, 02.45 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Мамкина звездочка
00.20 Сериал «Битва за Ростов»
01.25 Ночной кинотеатр. Синие ночи

КТК

07.05 «Өнім сен едің»
07.55 Т/х «Жат туыстар»
10.40, 02.05 «Парад юмора»
13.00 Мелодрама «Сыщницы»
15.00 Т/х «Өртенген сезім»
18.35, 03.00 Дау -дамайсыз
19.30,03.45 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»

23.45 Горячий
01.20 «Было дело»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ел мен жер»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Елге қызмет»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир/
14.20 «Жетісу-спорт»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Д/ф «Партизаны»
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Д/ф «Будапешт операциясы»
16.20 «Менің арнамым»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Өшпес ерлік»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Арнайы шығарылым (Алматы облысы)
20.30 Арнайы шығарылым(Жетісу облысы)
21.00 Специальный выпуск (Алматынская область)
21.30 Специальный выпуск(Область Жетысу)
22.00 «Рухы биік қазағым» концерті

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Өзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 23.10Т/х «31 өзіл»
09.00 «Мультфильм»
09.30 Мультфильм
10.00 Время патриотов
12.00 Ханзада жумонг
14.50 Тикток шоу
15.20 Стратрек Возмездие
18.50 Анчартед
20.00 Информбюро
21.30 Кино «Стражи галактики»
00.10 Концерт
01.00 «31 өзіл»
02.20 Тик-ток шоу
03.00, 04.30 Ватсап
03.30 Өзіл студио
03.50 «1001 өзіл»
04.00 Bala Battle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Тойлайк»
06.02 Т/х «Qели»
06.20 Зың-зың Күлпәш
07.10 Пять невест
08.10 Жұлдыздар шеруі
10.20 Развлекательная программа
11.40 Балабол-7
17.00 Бізбен бірге
19.00 Т/х Түпсана және жасыл нәски
19.30 А.Л.Ж.И.Р
21.30 Фатима и Зухра
22.50 Брак по завещанию
23.50 Т/х Өзіл ман
01.00 Махаббат қызық хикая
02.00 Бастық боламын
02.40 Тойлайк
03.27 «Үзіліс»

Сәрсенбі - Среда, 8 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 Мәншүк туралы дастан
07.00 «Таңшолпан»
10.00 «Бүркітші қыз»
13.10 Өн мен әнші
15.15, 01.40 «Отандастар»
16.40 Концерт
00.00 Анаға апарар жол
01.50Концерт

ХАБАР

05.00 «Алпыстан асып барамын»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бауыржан Момышұлы 2024»
10.25 Мультфильм
12.00 Бауыржан Момышұлы
14.00 Кебенек
16.00 Коммисарша
18.00 Концерт
20.00 Тағдырға сен-2
21.45 Ұлболсын
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

06.20 Концерт
08.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-5»
10.00 «По синим волнам»
13.00 «Специальный репортаж»
13.20 Өн мен әнші
21.55 Қорғаушы ханым
23.30 Дастиш Фантастиш
01.10 Көру керек

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ең алғашқы»
07.00,03.55 «Паутина»
09.00 «Мымра»
10.45 «Женить нельзя помиловать»
11.05 «Давай поженемся!»
11.55 Храни меня дождь
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.25 Басты жаңалықтар
19.00, 02.45 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Любимая учительница»
00.20 Сериал «Беглец»
01.25 Ночной кинотеатр. Синие ночи

КТК

07.05 «Өнім сен едің»
07.55 Т/х «Жат туыстар»
10.40, 02.05 «Парад юмора»
13.00 Мелодрама «Сыщницы»
15.00 Т/х «Өртенген сезім»
18.35, 03.00 Дау -дамайсыз
19.30,03.45 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15 «Астарлы ақиқат»

21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.45 детектив Порт
01.20 «Было дело»

ЖЕТИСУ

07.05 «Рухы биік қазағым» концерті
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)

11.00 «Ұлт ұяты»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Өшпес ерлік»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Шіркін-ай»
14.20 «Әсем әуен»
14.30 «Туынды тарихы»
15.00 Д/ф «Ұлы жеңіс күнімен!»
16.00 «Әсем әуен»
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир/
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 Д/ф «Партизаны»
20.00 «Әндер мен жылдар» концерті
21.52 Д/ф «Будапешт операциясы»
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Өзіл студио
07.00 «Шаншар»
08.00, 23.10Т/х «31 өзіл»
09.50 «Бизнес по Казахстански»
12.00 Ханзада жумонг
14.50 Геркулес
15.20 Между небом и землей
17.20 Принц Персии
20.00 Храброе сердце
21.00 Кино «Механик»
23.40 Ханзада Жумонг
01.00 «31 өзіл»
02.20 Тик-ток шоу
03.00, 04.30 Ватсап
03.30 Өзіл студио
03.50 «1001 өзіл»
04.00 Bala Battle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Тойлайк»
06.02 Т/х «Фестиваль»
08.10 Сағындырған әндер ай
10.00 Турсынбек Кабатов концерт
12.00 Лемон
14.10 Супер келиншек
16.30 Арнау концерт
20.00 Коко Джамбо фильм
22.00 Музарт
01.20 Т/х Өзіл ман
02.30 Махаббат қызық хикая
03.30 Бастық боламын
04.10 Тойлайк
04.57 «Үзіліс»

ДЕНСАУЛЫҚ

ӨҢЕШІ КҮЙГЕН КІШКЕНТАЙ ҚЫЗҒА БІРЕГЕЙ КҮРДЕЛІ ОТА ЖАСАЛДЫ

«Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» баспасөз қызметінің хабарлауынша, педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының хирургтары, тұрмыстық тазартқышты ішу салдарынан дамыған өңештің тыртықтануына байланысты үш жастағы қызға өңешті тоқ ішігімен алмастыру бойынша күрделі ота жасады. Жер бетіндегі сан алуан кәсіптің ішіндегі ең ізгі, ең қастерлі мамандықтың иелері, «Деніңе саулық, дертіңе шипа сыйлаған» адам жанының арашашылары, ақ желеңді абзал жандар халық денсаулығын нығайту мүддесі жолындағы қиындығы мен қуанышы қат қабат жүретін күрделі қызметтерінде қаршадай қызға бірегей отаны ойдағыдай жүзеге асырып, тағы бір тамаша табысқа жетті.



Өңештің күйіп қалуы – бұл химиялық немесе термиялық факторлардың әсерінен туындаған балалардағы өңештің зақымдануы. Өкінішке орай, балалардағы өңештің химиялық күйіктерінің негізгі себебі ата-аналардың қауіпті тұрмыстық химиялық заттарды дұрыс сақтамауы болып отыр.

Өңештің химиялық күйік алу салдарынан кейін 70-80% оның тыртықты тарылуы пайда болады. Өңештің тыртықты тарылуы бар барлық балаларға алғашқы кезде гастростома салынып, жіппен өңешті арнайы буж арқылы ұзақ уақыт сүмбілейді. Бірақ, 20-30% жағдайында сүмбілеу әдісі өңештің бойын толығымен тыртықтануына әкелуіне байланысты қолдануға келмейді. Соның салдарынан, бұл көбінесе баланың мүгедектігіне, кейде өлімге әкеледі.

Жыл сайын Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына республиканың әр өңірінен осындай патологиямен 100-ден астам бала келіп түседі.

Жақында Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына Қызылорда облысынан өңештің күйіктен кейінгі тыртықты тарылуы диагнозымен 3 жастағы қыз

бала шұғыл түрде түсті («Таза қазан» тазартқыш сұйықтығын байқаусызда ішіп қойған). Күйіктің салдарынан балада өңеш саңылауының толығымен тыртықтануына байланысты алғашқы кезеңінде толық тамақтануы іштің алдыңғы қабырғасына шығарылған асқазандағы арнайы түтік арқылы жүргізілген. Осыған байланысты біздің клиникада бірегейлігі өңешті толығымен тоқ ішекпен алмастыру отасы жасалды.

Бұл күрделі операцияның бірегейлігі – ас өтпейтін өңешті тоқ ішек алмастырды. Операция 6 сағатқа созылды, онда тоқ ішектің бір бөлігін кеуде қуысы арқылы жүргізіліп, мойындағы өңештің жұтқыншақ бөлігімен жалғастырылды. Мұндай операциялар зергерлік дәлдік пен үлкен кәсіпқойлықты және мол тәжірибелікті қажет етеді, сондықтан үш хирург баламен бірден жұмыс істеді. Операцияны білікті хирургтар: хирургия бөлімінің меңгерушісі - Қалабаева Мөлдір Махсұтханқызы, Афлатонов Нұржан Бақытбекұлы және Шыланбаев Нышанбек Ратбекұлы сәтті жасады.

Енді өңештің қызметін тоқ ішектің бір бөлігі жүзеге асырады, ал бала

ауыз арқылы өздігінен тамақтана алады.

Бүгінгі күні баланың жағдайы жақсарды, қазіргі таңда Мадина есімді кішкентай пациентіміз жоспарлы бақылауға түсіп, өздігінен тамақтануда.

Атап өте кетейік, шетелдік мамандарды тартпай өңешті ауыстыру бойынша операциялар Қазақстанда тек Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында жүргізіледі. Жылына орта есеппен осындай 6-7 операция түрлі әдістерді қолдана отырып жасалады.

Жалпы, жыл сайын Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына еліміздің әр өңірінен балалардың ақаулары мен жүре пайда болған ауруларына 400-ден астам күрделі операциялар жасалады.

Соңғы кездері өңештің бітелу себептері химиялық заттардың дұрыс сақталмауынан болуда, соның салдары балалар өңешінің қатты күйіп қалуына әкелуде. Сондықтан педиатрлар барлық ата-аналарды химиялық заттарды, қазан тазартқыш сұйықтықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтауға шақырады!

Ш. ХАМИТОВ.

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

БАЛА ТӘРБИЕСІ – БАРШАҒА ОРТАҚ

Сот процестерінде кәмелетке толмағандардың айыпкерлер орындығында отырғанын көргенде қатты қынжыласың. Сот отырыстары барысында олардың өздеріне қатысты қатаң жаза тағайындалуына сене қоймай, жасаған құқық бұзушылығының салдарын жете сезініп, түсінбегені көзге сәтті басылып та тұрады. Ал, судья үкімді оқып, сот залынан қамауға алынған сәтте сотталушы ретінде отырған жеткіншектердің көз жасына ерік беріп, ата-аналары ботадай боздап жылағанының күесі болғанда төбе шашың тік тұрады. Сондықтан, бала тәрбиесіне жете мән бермей, бетімен жіберіп, ақырында өкініштен өзегі өртенбес үшін ата-аналардың, балалардың өздерінің назарын нақты дереккөздерден алынған төмендегі шағын мақалаға аударғымыз келеді.

Заңды білу – заман талабы екенін мықтап есте сақтаған жөн. Демократияға бағытталған құқықтық мемлекет құру идеясын жүзеге асыруда әрбір азаматтың өз құқықтарын жете білуін, соған сай сана-сезімдерін қалыптастыру қажет. Азаматтың міндеті – заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз - өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсатының бірі – қоғамдағы алуан міндетті адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Осы тұрғыда еліміздің Конституциясында «Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет» деп жарияланғаны баршаға

мәлім. Құқықтық мемлекет құру үшін қоғамның құқықтық мәдениеті болуы керек. Құқықтық мәдениет – халықтың заңды білу деңгейі, құқықты сақтауы, рухани сана сезімінің жақсаруы. Ендеше Қазақстан Республикасының Ата заңы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға жол берген балалар қай жастан бастап жауапқа тартылатынын білген жөн. Яғни, қылмыс жасаған бала 14 жастан жауапқа тартады. 16 жаста жеке куәлік алады. Егер қылмыс жасаса толық әкімшілік қылмыстық жауапкершілікке тартылады. 18 жаста кәмелеттік кезең басталады. Жастардың сайлау, өз мүлкіне дербес иелік ету, неке қатынасына түру, қалыпты еңбек қызметімен айналысқан кезде тиісті жауапкершілік құқығы пайда болады. Жалпы, жасөспірімдердің теріс қылық

жасауының себебі неде? Жастар арасында қылмыстың алдын алуда жеткіліксіздік танытып отырған қандай факторлар деген сауалдар төңірегінде ой қозғасақ, оның себептері әрине көп-ақ. Көп жағдайда ата-анасының баласына уақытты аз бөлуінен, үйдегі болатын кикілжің немесе отбасындағы ақша мәселелерінен туындайды. Сондықтан әрбір ата-ана баласына жаман әдеттер әкелетін зардаптарын жастайынан ұғындырғаны дұрыс. Өйткені бала есейген кезде тым кеш қалуы мүмкін. Бала – жас өскін, әрбір ата-ананың үміт артқан ұрпағы. Отбасы – адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі түрлі қызмет атқарады. Оның бірі дүниеге ұрпақ әкелу болса, екіншісі сол сәбиді төндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, зиянды әдеттерге ұрындырмай, тұлға ретінде қалыптастыру. Бала отбасынан жақсы да жаман да қылықты бойына сіңіреді. Дана халқымыз «бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтпаса керек.

Әлеуметтік жағдай немесе қиын тұрмыс та жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтініне көз жеткізіп келеміз. Атап айтқанда, бала есейген сайын айналасына көбірек көз тастайтыны белгілі. Яғни, «мен неге қатарымнан қалуым керек» деген түсінік пайда болады. Тұрмыстағы мәселелер ең біріншіден ақшаға келіп тіреледі. Көп жағдайда әлеуметтік жағдайдың қиындығы бастарын шырмал алған ата-ана бала тәрбиесіне немқұрайлы қарайды. Сондықтан да ата-ана

баланы жастайынан спортқа, өнерге, білімге құштар болуға мүмкіндік жасап, болашақта үлкен азамат болып өсуіне зор ықпал жасауға тиіс.

Оқушы жастардың, жасөспірімдердің теріс қылық жасаушылықтарын батырлыққа, ерлікке бағалап, олардың сондай жағымсыз қылықтарды көптеп жасауына ықпал ететін тағы бір мәселе ұялы телефон мен телеарналардан атыс-шабыс, зорлық-зомбылық, қарақшылық сияқты фильмдерді қалаған уақытында еркін көруіне мүмкіндік туындап отырғаны болып табылады. Ал, жасөспірімдердің жан дүниесі нәзік, сезімтал, естігенін тез қабылдайды. Сондықтан мұндай жағымсыз дүниелер жастардың нәзік көңілін жаулап алып, олардың санасына қатыгездік пен жүгенсіздік ұрығын себеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталар болсақ, баланы бауыр етім деп жанындай жақсы көретін ата-аналар олардың тәрбиесіне де көңіл бөлетін уақыт тауып, олардың санасына заң талаптарын сіңіріп, заң тану сауатын ашып отыратын болса нұр үстіне нұр болар еді. Мектеп қабырғасында да жастардың арасында адамгершілік-құқықтық насихат жұмыстарын жүргізе отырып, оларды құқық негіздерімен қаруландыру, құқықтық тұрғыдан әлеуметтендіру қажет. Өйткені, бала тәрбиесі баршаға ортақ мәселе ғой. Сонда жасөспірімдер арасында қылмыстық құқық бұзушылық деректері де азая түсері аян.

Лаура БИНАЛИ,
Жетісу облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

КЕЛБЕТ

Біздің түсінігімізде адамның қай жерде еңбек еткені, қандай лауазымдарға қол жеткізгені маңызды емес. Ең бастысы өзі таңдап алған мамандықты қалай атқарғаны, сол салаға қаншалықты еңбегін сіңіріп, артында із қалдырғаны әлдеқайда маңызды болса керек. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының директоры, география ғылымдарының кандидаты, геоинформатика докторы, профессор Нұржан Нұрбергенұлы Керімбай жайлы сөз болғанда біз оның ұлағатты ұстаз әрі өзі еңбек етіп жүрген саланың бірегей ғалымы ретінде танитынымызды айтқымыз келеді.



Ғабитғат амыршысы

Оқу бітіргеннен кейін тылсым жұмбағы мен таңдай қақтырып тамсандырар құпиясы көп география мамандығын таңдап, әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің аталмыш факультетіне оқуға түскенімізде алдымыздан шығып, ағалық қамқорлығы мен ұстаздық ұлағатына бөлеген Нұржан Нұрбергенұлының орны біз үшін бөлектеніп тұратыны бар. Осы салаға деген қызығушылығымызды арттырып, ғылым жолына түсуімізге де ағаның ықпалы болғанын бүгіндері айтуға міндеттіміз.

1964 жылы Алматы облысы Кербұлақ ауданына қарасты Қызылжар ауылында дүниеге келген ол бала кезінен қоршаған ортамен етене өседі. Туған жердің табиғатын танысам деген арманы Нұржан Керімбайды сол кездері С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті деп аталған еліміздегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнының география факультетіне алып келген екен. Сабағын үздік оқыған ол 1989 жылы «Физикалық география» мамандығы бойынша «Географ-оқытушы» біліктілігімен диплом алып шығады. 1990 жылдан 1992 жылға дейін Мәскеу қаласында М.В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің «Физикалық география және ландшафттану» кафедрасында тағылымдамадан өтеді. Осы жылдар кешегі ауыл баласының ғылымға біржола бет бұруына ықпал еткені анық. Тағылымдамадан өтіп келгеннен кейін Білім министрлігінің мемлекеттік комиссияның шешімі бойынша өзі оқыған білім шаңырағының физикалық география кафедрасына аға инженер лауазымына тағайындалды.

Нұржан Нұрбергенұлының еңбек жолына көз жүгіртер болсаңыз, оның география саласының барлық баспалдақтарымен жүріп өтіп, шыңдалып жетілгенін аңғарар

едіңіз. 1992 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің (ҚазҰУ) физикалық география кафедрасында алдымен ассистент, содан кейін аға оқытушы болып жұмыс істейді. Ізденіс пен еңбекке толы жылдар текке кетпегені анық. Талмай еңбектенудің арқасында өзі зерттеп жүрген сала жайлы ғылыми мақалалары отандық және шетелдік салалық басылымдарда үзбей жарияланып тұратын. Соның нәтижесінде 2001 жылы география ғылымының кандидаты атағын сәтті қорғап шығып, 2002 жылдың қыркүйек айында доцент лауазымына ие болып, ұстаздық қызметін жалғастырған болатын.

Ұстаздық және ғылым жолындағы еңбегі әділ бағаланып, 2007 жылы «Физикалық география және геоэкология» кафедрасының меңгерушісі, ал 2008 жылдан бастап «Геоморфология және картография» кафедрасының басшысы қызметтерін төрт жыл атқарғаны бар. Жай ғана жұмысын атқарып жүре бермей, білім берудің жаңа технологияларын енгізіп, Еуропалық оқу жүйесін қабылдаған университетте студенттерді тәрбиелеудің басым бағыттарына көңіл бөлгені байқалады, Оған дәлел, осы уақыт ішінде өзі жетекшілік ететін кафедрада «Картография» және «Геодезия» мамандықтары бойынша магистратура, сондай-ақ «Картография» мамандығы бойынша PhD докторантура ашуға көп еңбек сіңірген еді. Айтуға оңай болғанымен аталған мамандықтар бойынша докторантура ашу қатардағы шаруалардың бірі емес екені белгілі. Соның нәтижесінде, елімізде география мамандығы бойынша жас ғалымдар PhD докторы ғылыми атақтарын қорғап шыға бастаған болатын.

Нұржан Нұрбергенұлы педагогикалық қызметті ғылыми жұмыстармен сәтті ұштастырып келеді. Атап айтқанда, соңғы

жылдары еліміздегі Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен білім беруді ақпараттандыру, электрондық және мультимедиялық оқулықтар жасау бойынша түрлі шараларына белсене атсалысқаны белгілі. Сол сияқты М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде және бір мультимедиялық оқулықтарын шығарғаны жұртшылыққа аян.

Нұржан Керімбай университетте еңбек ете жүріп, еліміздегі жоғары оқу орындарының түрлі шараларына белсене атсалысқаны еңбек жолынан анық аңғарылады. Мысалы, 2003-2004 жылдар аралығында Теміртау металлургия институтында және Ш. Есенов атындағы Ақтау университетінде ҚР БҒМ комиссия төрағасы мндеттерін атқарғаны белгілі. Сол сияқты М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде және Батыс Қазақстан облысы Ақсай қаласының ҰБТ өткізу кезінде БҒМ комиссиясының төрағасы болды.

2005-2007 жылдар аралығында және 2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту» мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы ретінде ғарыш саласындағы түрлі ғылыми жұмыстарға атсалысып келеді. 2007-2013 жылдары ҚР жоғары оқу орындарын тексеру бойынша ҚР БҒМ аттестаттау комиссиясының құрамына еніп, жоғары оқу орындарындағы білім мен оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын тексергені бар. Көп уақыт пен күш-жігерді талап ететін мұндай шаралар ғалымның қоғам алдындағы жауапкершілігі мен әріптестерінің сенімін аңғартпайды ма?

Нұржан Нұрбергенұлы еліміздегі география саласы бойынша жетекші ғалымдардың бірі екенін жоғарыда айттық. Ғылыми зерттеулердің негізгі тақырыбы – «Геоақпараттық жүйе (ГАЗ) және ЖҚЗ технологиясын қолдана отырып, еліміздегі

ауыл шаруашылығында ландшафттарға бейімделген егіншілік жүйесін құруға (ЛБЕЖ) бағытталған. Бұл жұмыстар егін шаруашылығын ғылыми негізге сүйене отырып жүргізумен қатар, экономикалық тиімділігі де айтарлықтай болғанын айта кету керек.

Ғалым өзінің ізденісінің нәтижесінде халықаралық жобаларға қатысып, шет елдерден қаржыландырылатын шараларды еліміздің пайдасына жаратуды жалғастырып келеді. Солардың қатарында, 2004 жылы Біріккен Ұлттар ұйымының даму бағдарламасы бойынша Қазақстан аумағындағы үш өңірде сулы-батпақты жерлерде жыл құстарының өмір сүру ортасын қалыптастыруға қатысты грантын жеңіп алды.

Нұржан Нұрбергенұлының еңбегі де елеусіз қалған емес. Осылайша, 2006 жылы «ҚР ЖОО үздік оқытушысы» атағымен, 2008 жылы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің үздік оқытушысы», ал 2009 жылы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 75-жылдық мерейтойлық төсбелгісімен марапатталған болатын.

Тағы да халықаралық зерттеулерге келер болсақ, 2006 жылы INTAS жобасына қатысып, сонымен қатар жоба аясында, ESRI компаниясының – INSPIRE грантын иеленген. 2008 жылы Германия мемлекетінің Гельмгольц орталығы ұйымдастырған InWEnt – Халықаралық біліктілікті арттыру және дамыту жобасын жеңіп алды, Потсдам (GFZ-неміс геология ғылыми-зерттеу орталығы). Өңірлік конференция, «Орталық Азиядағы табиғи апаттардың алдын алу жөніндегі трансшекаралық қауіптер» тақырыбы да ғалымның оң жамбасына келетін жобалар болғаны рас.

2011 жылы ҚР БҒМ «ЛБЕЖ (Қазақстанда ландшафттарға бейімделген егіншілік жүйесі) құру кезінде географиялық-аумақтық талдау технологияларының ГАЗ (геоақпараттық жүйе) әдіснамалық негіздерін өзірлеу» ғылыми жобасының және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі агроландшафт Атласын жасау» ғылыми жобаларының жетекшісі болды. Бұл әлгінде айтқан ауыл шаруашылығын ғылыми негізде

жүргізу мәселесінің жалғасы іспеттес жұмыс еді.

2011 жылы Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің «ҚазҰУ технопаркі» жанындағы «ГАЗ және ЖҚЗ технологиясы» орталығының ұйымдастырушысы және оның басшысы қызметтерін абыроймен атқарған болатын. Соңғы жылдары БҰҰ Даму бағдарламасының ғылыми зерттеулеріне және басқа да халықаралық ғылыми жобаларға қатысып, солардың қаражатымен елге тиімді жобаларды жүзеге асырып келеді.

2010 жылы Еурокомиссияның «Project: 510978-TEMPUS-1-2010-1-AT-TEMPUS-JPCR, Геоинформатика: энергияны, ресурстарды, қоршаған ортаны қорғауды басқару – GEM» жобасын алған және осы жоба негізінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің География және табиғатты пайдалану факультетінде «Геоинформатика» мамандығы бойынша халықаралық магистратураны ашуға себеп болғанын атап айту керек.

Айта берсе, Нұржан Нұрбергенұлының мұндай жеңістері көптеп саналады. Соның кейбіріне тоқталсақ, 2013 жылы Еурокомиссияның екі грант иегері атанды. Бұл «ERASMUS MUNDUS» халықаралық жобаларының «Геоинформатика» және «TEMPUS SESREMO» мамандықтары бойынша академиялық ұтқырлық жөнінде Германия, Нидерланды, Израиль университеттерінің ғылыми орталықтарымен бірлесіп, «Ғарыштық техника және технология» мамандығы бойынша мамандарды оқыту және даярлау және осы жобалардың жауапты орындаушысы міндеттерін мінсіз атқарды.

2013 жылы ҚР «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ сарапшысы болып бекітіліп, 2014 жылдан 2015 жылға дейін ZALZBURG университетінде

КЕЛБЕТ

(Австрия) қабылдаушы мекеме UWN (Батыс Венгрия университеті) «Smart Places for gSmart-Spatial ACT Infrastructures» жобасының ERASMUS MUNDUS бағдарламасы бойынша постдокторантурада білімін жетілдіріп қайтқан. Ал, 2015 жылы Зальцбург университетінде (Австрия) геоинформатика бойынша постдокторлық дәрежесін алды.

Нұржан Керімбай Астана қаласына арнайы шақырумен барып, 2015-2021 жылдар аралығында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Ғарыштық техника және технологиялар» кафедрасының профессоры болып еңбек еткені бар. Осы уақыт ішінде ол Еурокомиссияның екі жобасы бойынша жұмыс істеді.

Осы жылдар ішінде ол ғылымға және қоғамның көптеген салаларына Географиялық ақпараттық жүйелер мен Жерді қашықтықтан зондау технологияларының жетістіктерін қолдануды енгізді. Ол жалпы көлемі 60-қа жуық баспа табақ болатын, Қазақстанның өртүрлі басылымдарында жарияланған монографиялар мен оқу құралдарының және 130-дан астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектердің авторы атанды.

Негізгі ғылыми еңбектерінің кейбіріне тоқтала кеткен жөн шығар. Атап айтқанда: «Закономерности структурной организации геосистем бассейна реки Шарын и вопросы рационального природопользования»; «Рациональное использование ландшафтов геосистем бассейна реки Шарын»; «Современное состояние рекреационного потенциала природной среды Шарынского ГНПП» монографияларын, «Геоинформатика негіздері»; «Сандық картография»; «Жерді қашықтықтан зондылауды геоақпараттық технологиялар әдістерімен талдау» оқу құралдарын шығарды. Осы жылдар аралығында ұстаз ретінде 30-дан астам Ph.D докторлары мен жаратылыстану және техника ғылымдарының магистрлерін дайындады.

2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Ильяс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Жаратылыстану жоғары мектебі, Жаратылыстану-ғылыми бағыт білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры болып қызмет атқарады.

2022 жылы ЖУ-да аталған білім беру бағдарламасы бағытында «7M01506–Геоинформатика» мамандығы бойынша магистратура және «8D01505-География» мамандығы бойынша докторантура ашуға өз ықпалын тигізді. Сонымен қатар Ильяс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғылыми кеңес және мемлекеттік аттестаттау мүшесі комиссиясының мүшесі қызметтерін қоса атқарып келеді. Нұржан Керімбайдың ықпалымен 2022 жылдың ақпан айында Биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институты негізінде «Экология» зертханасы ашылды. Қазіргі уақытта зертхана меңгерушісі қызметінде университетінің білім беру және ғылым саласына өзінің үлкен үлесін қосуда.

Нұржан Нұрбергеновтың жары Баян Керімбай да география мамандығы бойынша Ph.D докторлығын қорғап, аталған университетте ұстаздық жұмысын жалғастыруда. Қыздары Гүлжан мен Бақыт шет елдерде жоғары білім алып, еңбек етіп жүрсе, ұлы Абылай студент атанып, әке жолын жалғастыруды алдына мақсат етіп қойған.

Ғалымның 60 жасқа аяқ басқан мерейлі мерекесі қарсаңында оның білім мен ғылым саласындағы жеткен биіктеріне тоқталып, адами қасиеттерін айтпай кетсек, баянымыз толық болмас еді. Себебі, мектепті енді бітірген сарыауыз балапан кезіміден қамқорлығына алып, ғылым жолына бағыттаған ұстазымыз адамгершілік иірімдерімен, ақ көңіл адалдығымен, кең пейіл дархандығымен де ерекшеленіп тұрады. Қашанда айналасындағыларға шауағын шашып жүретін мейірімді жанға шәкірттері атынан ұзақ ғұмыр және зор денсаулық тілегіміз келеді. Отбасыңыздың ортасында, балаларының шапағат-қызығына бөленіп, аман-есен жүре беріңіз ұстаз-аға дегіміз келеді!

Айжан Асылбекова,
PhD докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті география факультетінің кафедра меңгерушісі.
Гаухар Қайранбаева,
PhD докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті география факультетінің оқытушысы.

Әр адамның жүрегінде жатқан ерекше бір сыр болады. Ол сыр әдемі болса жақсы, көп жағдайда ол – құбыжық кейпінде. Менің де өз дертім бар.

Оның аты – Жамал. Жамал – менің анам. Есімді емис-емис біле бастағаннан анам екеуміз-ақ тұрдық. Қоңырқай тірлік етсек те, жылы, шуақты әлемде өмір сүрдік. Анам мектептің еденін жуатын. Ал мен сол мектептің жанындағы бақшаға бардым. Екеуміз-ақ едік.

Шүйіркелесіп, қауқылдасып, құшақтасып жұбымыз жазылмай жүретінбіз. Мен сол мектепке бірінші сыныпқа бардым. Анамның мектеп дәлізінде отырып қоңырау соғатынын үлкен мәртебе және мақтаныш көрдім. Ұят кейін келді. Есейгенде. Айжанды ұната бастағанда. Анамды танымайтын адамдай өте шығатын болдым. Ол кісі ренжімейтін. Ол кісі зады ешнәрсеге ренжімейтін.

Мен бірінші сыныпқа барған жылы әкем оралды. Кейін, есейгенде ұққаным – ол түрмеге отырып келіпті. Не үшін отырғанын анам ақыры айтпай қойды. Туған әкеммен жеті жасымда таныстым. Басында тосырқадым, содан соң аздап жіби бергенімде, ол ішіп келіп, анама қол көтеретінді шығарды. Менің жеке тозағым осылай басталды. Арашалай алмайтын едім. Себебі ол – ересек, тым қауқарлы, тым күшті. Шырылдап арқасынан жармасып, кішкентай әлсіз жұдырығыммен тоқпақтаймын. Ол шыбын шаққан құрлы көрмейді. Өші кеткендей мамамды тепкінің астына алатын. Кейде арқасына жабысқан мені жұлып алып әудем жерге лақтырып жіберетін. Солай қабырғаға да соғылдым, солай талай мәрте басымды әр жерге бір ұрдым.

Анам көнбіс болып шықты. Қанша таяқ жесе де әкеме қарсы тұрған емес. Әкем ішіп келгенде, өз-өзінен былқсылқ етіп, таяқ жеуге ыңғайлана береді. Шағымданауына, көмек сұрайына-ау демейді. Оның осы көнбістігі әкемнің ызасына тиетін тәрізді болып көрінеді кейде. Содан соң ара түсуді тоқтаттым. Жан дүниемді жайбарақат бір селқостық басқан.

Үшінші сыныпта оқып жүргенімде анамның аяғы ауырлап, дүниеге қарындасымды әкелді. Есімін Әйгерім деп қойдық. Өзіміз Айка дейтінбіз. Негізі бір түйгенім – өмір жасы ұзақ болмайтын, өкіндіріп, өксітіп кететін адам баласы періштедей таза, аңғал және тәтті болатын тәрізді. Жер бетінде дірдектеп, кетпей жүріп алатын өзге күнәһарлардың өзегін өртеу үшін Құдай әдейі солай істейтін сияқты. Айка – бір ерекше жаратылыстың пендесі болды. Сүйкімділігі мен қылықтылығы өз алдына, сабағына ұқыпты, әліне қарамай үй жинап, тамақ істеуге әрекеттенетін. Папаны алдамақ болып, неше түрлі қитұрқы әрекеттерге баратынын көріп жүрегім езіліп кете жаздаушы еді. Әкем бірақ ішкенін, мамана қол көтеруін тоқтатпады. Содан соң он алтыға ілігер ілікпестен оған мен қосылдым. Жоқ, құдай сақтасын, анамды ұруды емес, ішуді бастадым.

Сыныптасым Айжан қашанда қасымнан табылатын. Сабаққа бармай қалғанымда адамның миына келмейтін әлдебір себептер ойлап тауып, мектеп басшыларының қаһарынан қаншама мәрте арашалап қалды. Мен оны әрі жақсы көремін, әрі жек көремін. Жақсы көретінім – анама ұқсайды, жек көретінім – анама ұқсайды. «Кет, жолама!» деп қанша қусам да, екі көзі жәудіреп, жалтақтай қорқып, тағы бір көмегін ұсынады. Арақ та алғыздым, тіпті қол көтерген күндерім де болды... Бірақ Айкадан соң... Айка... Бәрі өзгерді...

...Сол күні таңертең әкемнің Айканы араққа жұмсап жатқанын естідім. Ол бас жазуға түк таппай, Айканы қарызға арақ әкеп беруін өтінген. «Жексұрын, періштедей баланы да аямады-ау», – деп күбірлеймін. Бірақ кешегіден соң өзімнің де басым сынып, сасық, жабысқақ терге малшынып, мал болып жатқаным. Бір жағынан, арақ келсе, өзім де басымды жазып қалармын деген есек дәме және бар.

Айка – ақылды қыз ғой, бармасына, әкелмесіне болмайтынын түсінгендей, томпаңдап аяқ киімін, сырт киімін

киіп, шығып кетті. Ол сол кеткеннен ешқашан оралған жоқ. Тіпті жерлеуге де мәйтханадан алып кетті. Әлдебір әлеуметтік қызметтің адамдары жайғастырды. Себебі анамның жүрегінің талмасы ұстап, ауруханадан бір-ақ шықты. Әкем екеуміздің жайымыз белгілі. Сонымен, солай болды. Машина қағып кетті. Жарқ еткен бір сәуле біздің қапас өміріміздің қабырғасын жағалай аралап шықты да, ғайып болды.

Содан соң мен ішпеймін деп шештім. Ешқашан. Өлсем де. Ішпеймін. Және бұл үйде бір секунд да қала алмаймын. Жаман-жұман киімдерімді жинап, бір пакетке салып, Алматыға тартып кеттім. Ешкімге, еш нәрсеге айтқан жоқпын. Не үй жоқ, не күй жоқ, мамандық жоқ. Мектепті де бітірмегенмін. Бірақ ол үйде бір секунд та қала алмадым. КСК-ның сыз сасыған жертөлесінде тұрып жүріп көше сыпырдым, сантехник жігіттерге шәкірт болып жүріп, осы кәсіптің қырсырын меңгердім. Жігіттермен бірігіп пәтерге шықтым. Кейде жалақы төленбей, қосалқы ақша жасалмай қалғанда, жертөлени

қайта паналаймын. Мені құтқарған – ішпейтіндігім және жұмысыма ессіз адалдығым. Адамдар өздерінде жоқ бұл қасиеттерді жоғары бағалайды. Ал маған бәрібір, әйтеуір күнімді көрсем болды. Әйтеуір

үйге қайтып оралмасам болды.

Өстіп жүргенімде бір күні мені анам іздеп келді. Қолында дәл менікіндей көк пакеті бар. Жөн-жосықты білетін, сыпайы жігіттер кешкі тамағымызды құрастырып беріп, жұмысқа қонуға кетті. Мен анамды қатты сағыныппын. Және қалай қартайып кеткен. Сонау бір балалық кезге, екеуміз ғана тұрған ғажайып уақытқа қайта оралғандай болып ал келіп жыласамшы. Кеудеме мұнша өксік жиналғанын өзім де білмейді екенмін. Арасында өкіріп аламын. Қыстыққан демім қайта шықпай, жүрегім тоқтап қалар ма екен деп шошыдым бір сәт. Анам болса, көзінен домалап аузы-мұрнына құйылған ірі тамшыларды орамалының ұшымен ғана сүртіп, үнсіз егілді. Осылай қанша отырдық? Білмеймін.

– Балам, кеш мені, – деді ол, – үйді әкеңе тастап мен де кеттім. Шыдай алмадым. Айка екеуіңнің алдында кінәлімін.

– Айка екеумізді жолында құрбан ететіндей ол кім, мама? Ол кім сонша? Кім? – деймін қыстығып. Анам да жылайды, мен де жылаймын.

– Мама, енді тек екеуміз ғана тұрайықшы. Оған оралмашы. Мен екі жұмыс, үш жұмыс істеймін. Екеумізді толық қамтамасыз етемін. Енді мені тастамашы, енді мені ешкімге айырбастамашы, – деймін.

– Жарайды құлыным, жарайды ботам, – деген анамның ет жақын ыстық үні әлдилеп, талықсып ұйықтап кетіпін. Таңертең тұрсам, анам жоқ! Ұшып-күйлі жоқ! Түнгі кезекшіліктен жігіттер келе бастады. Анам жоқ! Бір күн, бір түн тапжылмай күттім де, келесі күні полиция учаскесіне барып, арыз түсірдім. Олар бірден екеме хабарласты.

Анам қайтыс болып кетіпті. Бір ай бұрын. Әкем жерлеуге де бармаған. Оны мектепте бірге істейтін құрбысы айтты. Өзі арулап жөнелтіпті. Ал мені таппай қойған. Миға сыймайтын бұл хабар мені әбден есеңгіретті.

Осының барлығына шыдау үшін қандай күшті, қандай мықты болу керек? Мен мықты емеспін ғой... Мен мүлде мықты емеспін... Ең бірінші ойым – ес-түссіз ішу болды. Көз алдыма үзілген жапырақтай болып албырап Айка келді. Анамның шаршаған, әжім мен қасірет торлаған өңі елестеді. Өлген соң да жаны жай таппай жатыр-ау деп ойлады.

Содан соң қайта жинақталдым. Құран оқыттым, өзім құран үйреніп, осы екі аяулы аруаққа бағыштап, үйде оқып отыратын болдым. Қолымнан басқа не келеді? Достарымның, олардың кең пейілді ата-аналарының арқасында Айжанға үйленіп, үй болдым. Екі қызымыз бар. Бірінің есімі – Жамал, екіншісі – Әйгерім. Енді осы екі перизатымды бақытты ету – арманым...

Мадина ОМАРОВА,
qazaqadabiet.kz сайтынан алынды.



МАМА

ӨЗТІМЕ



ЗАКОН

ЛИШАТЬ ГРАЖДАНСТВА КАЗАХСТАНА БУДУТ ПО-НОВОМУ



В КАЗАХСТАНЕ ВНЕСЛИ ИЗМЕНЕНИЯ В ПРАВИЛА ПРИЕМА ДОКУМЕНТОВ ОБ УТРАТЕ И ЛИШЕНИИ ГРАЖДАНСТВА РЕСПУБЛИКИ. СОТВЕТСТВУЮЩИЙ ПРОЕКТ ПРИКАЗА МИНИСТЕРСТВА ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ ПОЯВИЛСЯ НА ПОРТАЛЕ «ОТКРЫТЫЕ НПА», ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ TENGRINEWS.KZ.

Согласно документу, в правила приема, оформления и рассмотрения документов об утрате и лишении гражданства Республики Казахстан заявителями вносятся изменения.

По правилам, заграничные

должны направлять свои заключения и оформленные документы по вопросам гражданства в Министерство иностранных дел Казахстана после согласования с Комитетом национальной безопасности. Теперь в заключениях по заявлениям о выходе из гражданства необходимо будет указывать точные сведения о том, какие именно обязательства заявитель не исполнил перед Казахстаном.

Речь может идти об имущественных обязательствах, с которыми связаны существенные интересы граждан или организаций, об уголовном преследовании, судимости или об отбывании им наказания по вступившему в законную силу приговору суда, либо о том, что выход из гражданства противоречит интересам национальной безопасности Казахстана.

Также разработчики правил решили исключить копии некоторых документов из перечня тех, что необходимы для регистрации утраты гражданства. Среди

них: копия решения о выезде в другое государство для постоянного проживания или документ, подтверждающий разрешение о выезде в другое государство для постоянного проживания. Помимо паспорта гражданина Казахстана, при подаче документов можно предоставить удостоверение личности. Раньше принимали только паспорт.

Кроме этого, по новым правилам заграничное учреждение в течение 10 рабочих дней со дня регистрации утраты гражданства Казахстана информирует информационно-производственный центр (ИПЦ) при МВД для внесения сведений в базу данных документированного населения.

Изъятые документы, удостоверяющие личность гражданина республики, заграничное учреждение направляет в ИПЦ для уничтожения в течение месяца со дня регистрации утраты гражданства Казахстана. Раньше документ направляли в Комитет миграционной службы, при этом сроки не уточнялись.

ПЕНСИОННЫЕ ВЗНОСЫ

ПРАВИЛА ПО ВЫПЛАТЕ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ ИЗМЕНЯТСЯ С 1 ИЮЛЯ 2024 ГОДА

МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ ПОДГОТОВИЛО ПОСТАНОВЛЕНИЕ ПРАВИТЕЛЬСТВА, КОТОРЫМ ВНОСЯТСЯ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В ПРАВИЛА ПО ВЫПЛАТЕ ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ, ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ, ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ РАБОТОДАТЕЛЯ, СООБЩАЕТ ЗАКОН.KZ.

Внесение поправок в Правила по ОПВ, ОППВ, ОПВР связано с переходом с 1 июля 2024 года на международный стандарт финансовых сообщений ISO 20022, предусматривающий передачу платежных сообщений в международном формате MX, который не предусматривает проведение списочных (реестровых) платежей.

Вместе с тем предлагается сохранить порядок представления агентами платежного поручения и списков физических лиц, в чью пользу перечисляются обязательные пенсионные взносы.

Данное требование соответствует положениям ст. 38 Социального кодекса, согласно которой ИПС для учета ОПВ, ОППВ открывается на основании списков физических лиц, представляемых агентами.

Кроме того, предусмотрен порядок действий и сроки для перечисления ОППВ в ЕНПФ в случае обнаружения ошибок при перечислении ОППВ, а также уплаты пени и взыскания задолженности при несвоевременном перечислении ОППВ в ЕНПФ.

«Действия физических лиц, за которых перечислены обязательные профессиональные пенсионные взносы, агентов, Государственной корпорации, банка и ЕНПФ в случае обнаружения ошибок при перечислении обязательных профессиональных пенсионных взносов, а также уплаты пени и взыскания задолженности при несвоевременном перечислении обязательных профессиональных пенсионных взно-



сов в ЕНПФ производятся в порядке и сроки, предусмотренные параграфом 1 настоящей главы для перечисления обязательных пенсионных взносов в ЕНПФ», - говорится в новом пункте.

В Правилах по ОПВР предусмотрено исключение такого понятия, как «агент по уплате ОПВР за физических лиц, получающих доходы по договорам гражданско-правового характера», так как в соответствии с Социальным кодексом уплата обязательных пенсионных взносов работодателя с доходов, полученных по договорам ГПХ, не предусмотрена.

Также уточнен перечень видов выплат и доходов, которые не являются объектом для исчисления и уплаты ОПВР.

Планируется, что постановление будет введено в действие с 1 июля 2024 года.

Документ размещен на сайте Открытые НПА для публичного обсуждения до 13 мая 2024 года.

ОСТОРОЖНО, МОШЕННИКИ!

О НАПАДКЕ МОШЕННИКОВ ПРЕДУПРЕДИЛИ В ПОЛИЦИИ

КАЗАХСТАНЦАМ, КОТОРЫЕ ХОТЯТ ПОМОЧЬ ПОСТРАДАВШИМ ОТ ПАВОДКОВ ЖИТЕЛЯМ СТРАНЫ, НУЖНО БЫТЬ ОСТОРОЖНЫМИ. КАЖДАЯ ТРЕТЬЯ ПРОСЬБА О ПОМОЩИ НАПИСАНА МОШЕННИКАМИ. ОБ ОПАСНОСТИ ЧИТАЙТЕ В МАТЕРИАЛЕ NUR.KZ.



Интернет-мошенники всегда держат «руку на пульсе» и используют текущую ситуацию для того, чтобы обманывать людей. Ситуации, когда преступники прикрывались добрым делом, а на самом деле просто воровали деньги, случались и ранее, однако именно во время масштабных паводков в Казахстане это явление стало по-настоящему массовым.

Как сообщили в Министерстве внутренних дел РК, каждая третья просьба о помощи пострадавшим от паводков — мошеннический фейк. В мессенджере WhatsApp были созданы группы, которые объединяют жителей пострадавших регионов. В них люди обсуждают паводковую ситуацию в стране, делятся опытом, организуют помощь пострадавшим. Однако среди добропорядочных граждан также находятся мошенники, которые пользуются ситуацией, чтобы заработать нечестным способом.

«Многие видели объявления о людях, пострадавших от паводка, с номером банковской карты и просьбой помочь. Сотрудники отдела по борьбе с киберпреступностью проверяют подобные объявления. За три дня в шести массовых чатах было выявлено около 50 фейковых объявлений — каждая третья просьба о помощи на самом деле размещена мошенниками», — рассказали в полиции.

По итогу все обнаруженные мошеннические просьбы о помощи были удалены, а номера их авторов заблокированы в общих чатах. Однако это не значит, что казахстанцы не столкнутся с другими аферистами, которых еще не выявили. Поэтому полиция Казахстана призывает граждан быть осторожными и проверять достоверность любой информации, касающейся финансовых вопросов.

Напомним, ранее стало известно, что мошенники запускают в Интернете рекламу, в которой обещают выплаты всем пострадавшим. На самом деле они собирают персональную информацию, с помощью которой впоследствии могут украсть чужие деньги.

Бейсенбі - Четверг, 9 мамыр



ҚАЗАҚСТАН

21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.45 детектив Штурм
02.05 Сердце матери
02.55 Было дело



ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Д/ф «Партизаны»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 Д/ф «Ұлы жеңіс күнімен!»
11.00 «Ділмар»
11.40 «Домбыра»
12.00 Д/ф «Отан соғысының батырлары»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Ақ жауын» оркестрінің концерті
14.20 «Жетісу-спорт»
15.00 Мерекелік концерт
15.30 «Әсем әуен»
16.00 «Өшпес ерлік»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Дала үні»
17.45 «С днем победы»
18.30 Д/ф «Ұлы жеңіс күнімен!»
19.00 «Менің арнамым»
19.30 Д/ф «Ұлы жеңіс күнімен!»
20.00 Арнайы шығарылым (Алматы облысы)
20.30 Арнайы шығарылым (Жетісу облысы)
21.00 Специальный выпуск (Алматинская область)
21.30 Специальный выпуск (Область Жетісу)
22.00 Мерекелік концерт



31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 «Бизнес по Казахстану»
08.00, 23.10 Т/х «31 әзіл»
09.00, 01.40 «Фильм»
10.00 Фильм
12.00 Ханзада жумонг
14.50 Ризамын
15.30 Фильм
17.30 Фильм
20.00 Информбюро
21.00 Фильм
23.20 Ханзада Жумонг
01.00 «31 әзіл»
02.20 Тик-ток шоу
03.00, 04.30 Ватсап
03.30 Әзіл студио
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battle
05.00 Ризамын



7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Тойлайк»
06.02 Т/х «QeLi»
06.20 Зың зың Күлпәш
07.10 Т/х «Махаббат қызық хикая»
08.10 Арнау
12.00 Балабол-7
15.00 Жұлдыздар шеруі
17.00 Коко Джамбо
19.00 Т/х Түпсана және жасыл наски
22.50 Брак по завещанию
23.40 Т/х Әзіл ман
00.10 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
02.00 «Үзіліс»



Жексенбі - Воскресенье, 12 мамыр



ҚАЗАҚСТАН



ХАБАР

05.00 «Асыл қазына»
07.30 Концерт
07.30 «Абайлаңыздар»
09.30 «Қазақ елі»
10.00 «Тайна парка развлечения»
12.00 «Криминальная фишка от генри»
13.45 «Күшік құда. Квартиранты»
15.30 «Әке көрген»
16.15 «Бес жұлдыз»
17.45, 23.55 «Донор»
19.30 «Қызық times»
21.00 «7 күн» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
21.40 «Возвращённые активына благо Казахстана»
22.10 «Дорогой джон»



АСТАНА

06.00 «Ене»
06.50 «Жұлдыздысың?»

06.05, 03.20 «Жәдігер»
06.30 «Шаңырақ»
07.05 «Күміс көмей»
07.50, 02.35 «Дәуір даналары»
08.35, 20.40 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Телехикая «Құрсаудағы қыз»
12.00 «Егіз лебіз»
14.00 М/ф «Ағайынды аюлар: сиқырлы сәуле»
15.30 «Қайран менің жүрегім» концерті
17.05 «Технократтар талқысы»
20.00 «Алапат»
20.30 «Ақорда»
21.45 «Әлкей. Ғұлама ғұмыр»
23.30 «Жарқын жүздесу»
00.00 «Қазақстан дауысы»
01.55 «Алапат»
02.25 «Ақорда»



АСТАНА

06.00 «Ене»
06.50 «Жұлдыздысың?»

Жұма - Пятница, 10 мамыр



ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.30, 10.00,
13.00, 15.00, 20.00, 00.35 Ақпарат
07.00 «Таншолпан»
10.10, 18.00 Телехикая «Құрсаудағы қыз»
12.10, 13.10, 21.25 «Әскери ант»
13.30, 01.55 «Өмір көркем»
14.35 «Өзекті»
14.50, 03.20 «Ғылым адамы»
15.15 «Технократтар талқысы»
16.05 «Қанатсыз құстар»
20.30 «Ашық алаң»
22.15 «Бауырлар»
23.10 «Жарқын жүздесу»
00.00 « PARASAT MAIDANY»
01.05 «Ашық алаң»
02.45 «Ерен ерлік тұрғасы»



ХАБАР

05.00 «Мезгілсіз махбат»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Культурный отдых»
10.20 «Чуч-мяуч»
12.00, 20.00 «Тағдырға сен-2»
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00, 21.45 «Ұлболсын»
16.00 «Комиссарша»
18.00 Новости
18.25 Ток-шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток-шоу «Талқы»
22.30 «Национальный интерес»
23.15 «Земля обетованная»



АСТАНА

06.30 «Ене»
07.10 «Жас қырандар-2»
08.10 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-5»
10.10 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.30 «Прямая связь»
11.50 «Эксперимент»
12.00 «Қоғам назарында»
12.20 «Когу Керек»
12.40, 23.30 «Шаньнян ханшайымы»
13.50 «Жас қырандар-2»
15.00 «Склифосовский-5»
17.00 «Танцуй, Танцуй»
20.00 «Астана таймыс»
21.55 «Қорғаушы ханым»
00.20 «Склифосовский-6»
01.25 «Жайдарман»



ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ең алғашқы»
08.10, 03.45 «П@утина»
09.10 «Модный приговор»
10.00 «Переводчик»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.30 «Парламент ONLINE»
20.50 «Поле чудес»
22.10 «Помилование»
02.00 Новости
02.15 Жаңалықтар
02.30 «KOREMIZ»
03.15 Басты жаңалықтар



КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
07.30 «Жат туыстар»
09.15 «Было дело»
10.15 «Сердце матери»
11.10 «Горячий»
13.35 Мелодрама «Маруся»

08.10 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-5»
10.00 Худ. фильм «Танцуй, танцуй»
13.00 «Алдараспан»
16.40 Бақыт құшағында»
17.15 «Пять причин не влюбиться в казаха»
19.10 «Бесплатный адвокат»
21.55 «Қорғаушы ханым»
23.30 «Нюхач»



ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
07.30 «П@утина»
08.20 «Воскресные беседы»
08.35 «Повара на колесах»
09.30 «ҚАЙМАҚ»
10.00 «Родные люди»
14.00 «Пороки и их поклонники»
18.10 «Васильки для василькисы»
20.00 «АНАЛТИКА»
20.45 «По законам военного времени. Враг за спиной»
00.45 «Что? Где? Когда?»
02.45 «ТАМАША CITY»



ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
07.30 «П@утина»
08.20 «Воскресные беседы»
08.35 «Повара на колесах»
09.30 «ҚАЙМАҚ»
10.00 «Родные люди»
14.00 «Пороки и их поклонники»
18.10 «Васильки для василькисы»
20.00 «АНАЛТИКА»
20.45 «По законам военного времени. Враг за спиной»
00.45 «Что? Где? Когда?»
02.45 «ТАМАША CITY»

15.35 «Өртенген сезім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз. Күнде»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Маруся»
01.45 «Сердце матери»
02.50 «Было дело»
03.35 «Жат туыстар»
05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
05.25 «Мерекелік концерт»



ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзеккерды»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арнамым»
13.30 «Дала үні»
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Олжа»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Экономtime»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетісу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»



31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Күліп ALL»
08.00 Кино. «Спасти рядового Райана»
12.00 «Ханзада Жумонг»
15.00 TikTok show
15.30 «Молодой мастер»
17.50 «Универсальный солдат»
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Обитель зла. Возмездие»
23.00 «Ханзада Жумонг»
01.40 «31 әзіл»
02.30 Time Vine
02.50 Tik Tok show
03.10 What's up?
03.30 Әзіл студио
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.30 «Жұлдыздар шеруі»
07.30 Телехикая «Махаббат, қызық хикая»
08.30 Жұбаныш Жексеннің концерт
11.00 Деректі фильм
11.40, 19.30 «А.Л.Ж.И.Р.»
13.40 Концерт
16.30 «Бізбен бірге»
22.30 Әзіл тап
23.30 «КТА»
01.30 «Тойлік»
02.22 Үзіліс



КТК

07.05, 05.20 «Мерекелік концерт»
07.15 «Өн мен әнші»
09.00 «Юморина»
11.45 «Осколки счастья»
16.00 «Треугольник судьбы»
20.00, 21.00 «Кел, шырқайық!»
22.00 «Поддельная любовь»
00.25 «Треугольник судьбы»
04.00 «Өн мен әнші»



ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Менің арнамым»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.40 «Шашу»
14.30 «Әсем әуен»
14.45 «Жетісу-спорт»
15.00 «Шаңырақ»

Сенбі - Суббота, 11 мамыр



ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.50 «Жәдігер»
06.30, 03.15 «Күй-керуен»
07.00 «Шаңырақ»
07.30, 02.10 «Бірегей»
08.20 «Сағындырған әндер-ай»
09.00 «Теледәрігер»
10.00, 18.00 Т/х «Құрсаудағы қыз»
12.00 Жігер Ауыпбаевтың концерті
13.45 «Көксерек»
15.30 «Ағайынды аюлар: сиқырлы сәуле»
17.00 Ақпарат
17.20, 01.55 «Отандық бренд»
17.35 «Көңіл толқыны»
20.00 «Егіз лебіз»
21.45 «Әлкей. Ғұлама ғұмыр»
23.30 «Жарқын жүздесу»
01.05 Теледәрігер»



ХАБАР

05.00 «Асыл қазына»
07.00 Концерт «Мен...»
08.30 «Президентский резерв»
09.00 «Жеңісті күндерде жүздескенше»
09.30 «Ұлы дала ойындары»
10.00 «Стражи терракоты»
11.50 «Мегамато»
12.00 «Земля обетованная»
14.00 «XXI ғасыр көшбасшысы»
15.00 «Алғашқы»
17.15 «Күшік құда, Квартиранты»
19.00 «Бес жұлдыз»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн» сараптамалық
21.40 «Криминальная фишка»
23.40 «Әке бақыты»
00.30 «Әсем әндер»



АСТАНА

06.00 «Ене»
06.50 «Жұлдыздысың?»
08.10 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00 «ОСМАН-5»
10.10 «Бишарашки»
12.10 «Паралимпиец»
14.50 «Зу-зу Күлпәш»
15.45 «МузАРТ» концерт
17.35 Сериал «Нюхач»
21.00 «Осман-5»
21.55 Қорғаушы ханым»
23.30 «Жайдарман»
00.25 «Пять причин не влюбиться в казаха»



ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
08.00 «П@утина»
09.00 «Повара на колесах»
10.00 «Родные люди»
14.20 «Запасной инстинкт»
18.30 «АЙНА»
19.00 «Три дня до весны»
20.50 «По законам военного времени. Враг за спиной»
00.50 «Ворошиловский стрелок»
02.25 «Айна»
02.50 «П@утина»
03.35 «ТАМАША CITY»



ЕВРАЗИЯ

15.50 «Әсем әуен»
16.20 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Өзеккерды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ділмар»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Шірікін-ай»
22.45 «Әсем әуен»



31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Маша и медведь»
08.00 «Күліп ал»
09.00 «Тик-Ток» шоу
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинг»
10.25 Кино. «Бишарашки»
12.30 «Рио»
14.30 «Живая сталь»
17.30 Кино. «Мстители»
20.30 Кино. «Крушение»



КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
07.15 «Алтын ұям»
09.10 Вечерние новости
09.50 «Поворот на счастье»
14.30 «Маруся»
18.15 «ONE HIT»
21.00 «Осколки счастья»
01.20 «Поворот на счастье»
05.00 «ONE HIT»



ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Экономtime»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 «Олжа»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»



31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 М/с «Маша и медведь»
08.00 «Күліп ал»
08.30 «Тик-Ток» шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 Алдараспан
12.00 «Лемони снимет. 33 несчастья»
14.10 «Бишарашки»
16.20 «Рио»
18.20 «Живая сталь»
21.10 «Мстители»
00.10 «31 әзіл»
01.50 «Біздің шоу»
03.10 What's up?
03.40 Әзіл студио
04.00 1001 Әзіл
04.10 BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын



7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.30, 00.40 «Бастық боламын»
07.10 «Махаббат, қызық хикая»
08.00 «Жұлдыздар шеруі»
09.20 «Юмор! Юмор! Юмор!!!»
10.40 «SUPER BOL»
11.05, 19.10 Телесериал
15.05 Концерт
16.40 КТА
23.10 Жайдарман
01.30 «Тойлік»
03.02 Үзіліс



7 КАНАЛ

22.50 Кино. «Обитель зла. Возмездие»
00.50 «31 әзіл»
02.10 Ризамын
03.00 Time Vine
03.30 Tik Tok шоу
04.00 1001 Әзіл
04.30 BALA BATTLE
05.00 What's up?
05.20 Әзіл студио



7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.30, 00.50 «Бастық боламын»
07.10 «Махаббат, қызық хикая»
10.05 Телесериал
14.05 Концерт
16.20 КТА
19.20 Телесериал
23.20 Жайдарман
00.20 «Жұлдыздың жары»
02.20 «Тойлік»
03.12 «Үзіліс»

БІРЛІК КҮНІ

ТАТУЛЫҚ – ТАПТЫРМАС БАҚЫТ

Біз бала кезімізде мамыр айын ерекше күтетін едік. Өйткені, ата-аналарымыз жаңа көйлек немесе аяқ киім алып берсе, соның барлығын 1 мамыр күні киіп шығатын дәстүріміз болды. Ауылдың да, қаланың да балалары солай істеуші еді. Аналарымыз киімді қысты күні алса да, «мына киімді 1 мамыр күні киесің» дейтін. Үлкен адамдар да мамыр мейрамында көшеге жарқырап шығуға тырысатын-ды. Салтанатты шеру болатын, оған жатып келіп дайындалатынбыз. Бұл шеруге барын киіп, бақанын сүйреген ауыл-аймақтың еңбектеген баласынан бастап еңкейген қартына дейін түгел қатысатын.

Ауылдастар бұл мерекеде бір-бірімен қауышып, әңгіме дүкен құрып, мәре-сәре болып қалатын. Сонда біз үлкен мемлекетке өзіміздің де қатысымыз бар екенін сезінетінбіз. Тағы бір қызығы, біздер «Бірінші мамыр күні жаңбыр жаумаса екен» деп тілеуші едік. Олай дейтініміздің себебі жаңа киімдеріміз су болып, батпақ

тиіп кірлемесе екен деген ойдан туған ғой. Ал, әке-шешеміз жаңбыр жауса: «*Жақсы болды. Алланың нұры жауып тұр. Жаңбыр жауса, құрғақшылық болмайды. Мамыр айы келді, жауын жауып, халықтың ырысы молаяды. Шөп көп өседі, егін мол болады, нан болады*», - деп қайта қуанатын. Ал сайып келгенде бірінші мамырға арналған салтанатты шеру ауа райына қарамстан міндетті

түрде өткізіліп, халықтардың достығы мен ынтымақтастығын күшейте түсуге ықпал етуші еді. Қазір біздің тәуелсіз елімізде де бұл дәстүр қайта жаңғырып, бірінші мамырды тойлау бұқаралық сипатқа ие болып отырғаны құптарлық жай. Өйткені, мұндай мазмұнды шаралар жас ұрпақты достық пен ынтымақтастық рухында тәрбиелеуге зор септігін тигізері даусыз.

«Бірлік бар жерде - тірлік бар» дегендей ауызбіршілік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Біздің мемлекетіміздің басты жетістігі еліміздің халықтарының ұлтаралық және конфессияаралық келісімі,

өзара түсіністігі мен сыйластығы болып табылады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқтасақ, достықтың туы астында алаңсыз өмір сүріп, қажырлы еңбек етуге жан-жақты жағдай жасалып отырған біздің ортақ тарихпен және дәстүрмен біріккен көпұлтты тәуелсіз республикамыз үшін Бірінші мамыр мейрамы ерекше қымбат. «Татулық – таптырмас бақыт» деген тәмсiл бар. Ендеше біздің жерімізде әрқашан бейбітшілік пен ынтымақ, татулық пен береке салтанат құра берсін демекпіні!

Бақыт ЖАПАРОВА,
Текелі қалалық сотының бас маманы.

7 МАМЫР – ОТАНҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

ОТАНСҮЙГІШТІККЕ БАУЛУ - ОРТАҚ БОРЫШ

Егеменді еліміздің болашағы жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету – бүгінгі таңда ең басты мақсат болып табылады. Өйткені еліміздің болашағы жас ұрпақ – ұлттық сана-сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары дамыған, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, салауатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиеленуі тиіс. «Отан – от басынан басталады» дейді халық даналығы. Демек, бала тәрбиесі – Отан мен ел мүддесі. Бүгінгі өскелең ұрпаққа ғаламдастыру дәуірінде өз халқының төл мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрін әр оқушының бойына сіңіре отырып, отансүйгіштікке баулу қазіргі тәрбие жүйесінің өзекті мәселесі екені даусыз.

Қазіргі кезде мектептегі өскелең ұрпақтар – болашақ Қазақстан азаматы. Иmandылық, ізгілік, адамгершілік, елжандылық және толып жатқан кісілік қасиеттер мектеп қабырғасында қалыптасатыны баршаға аян. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың пікірінше, бүгінгі жастар – Қазақстанның келбеті. Осы орайда ол Қазақстан жастары қандай болуы керек екендігі туралы: «*Шын мәнінде, кез келген мемлекетті тұрғындарына қарап бағалайды. Яғни, біздің қандай ел боларымыз өскелең ұрпаққа байланысты. Сондықтан жастарымыз отаншыл, білімпаз, еңбекқор, үнемшіл, әділ әрі жанашыр болуы қажет. Жастар спортпен, дене шынықтырумен айналысуы керек. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Осы құндылықтарды барынша насихаттап, тарату қажет. Сонда жеке адамның қасиеті тұтас ұлттың қасиетіне айналады*», - деп қадап айтқан болатын президент.

Ендеше тәуелсіздігіміздің тірегі – білімді әрі саналы, парасатты, жан-жақты мәдениетті, еліміздің еңсесін өркениетке жетелейтін патриот азаматтар тәрбиелеу мектеп пен ата-ананың ортақ борышы болуға тиіс. Отанға деген сүйіспеншілік, Отан үшін барлық қиындыққа дайын болу, қоғамның дамуын да рухтандыратын қайнар бұлақ. «Патриотизм» ғасырлар бойы жинақталған ең терең сезімдердің бірі. Отанға деген сезім болмаса, патриот болу мүмкін емес. Біздің ата-бабаларымыз Отанын шексіз сүйіп, оны барлық жаулардан найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап қалып, бүгінгі ұрпаққа сый ретінде ұсынғанын мақтанышпен айта аламыз. Сондықтан да осы айтылғанды ескере отырып жас ұрпақты Отанын сүйуге, ол үшін аянбай қызмет етуге, елжандылық пен ерлікке тәрбиелеу біздің басты міндетіміз болмақ. Бір сөзбен айтқанда, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу баршамыздың ортақ борышымыз.

Айнұр СЕЙІЛХАНОВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

СОТ АКТЫСЫ

Еліміздің соттары шығарып жатқан шешімдер мен үкімдердің уақытылы әрі сапалы орындалуы өте маңызды мәселе. Өйткені, халық ол үкімдердің орындалуын заң үстемдігінің толық қамтамасыз етілуінің бір көрінісі ретінде бағалайды. Бір сөзбен айтқанда, үкімді орындау сатысын қылмыстық процесті аяқтайтын логикалық бөлігі деуге болады.

ҮКІМДІ ОРЫНДАУҒА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН ЖАҒДАЙЛАР

Ендеше соттың шығарған үкімінің орындалу тәртібі туралы түсіндіре кетсек артық болмас. Атап айтсақ, қылмыстық – процестік кодекстің 470-бабына сәйкес, аудандық соттың судьясы шығарған, бірінші сатыдағы соттың үкімі, егер оған шағым жасалмаса немесе наразылық білдірілмесе, апелляциялық шағым жасау немесе наразылық білдіру мерзімі өткен соң заңды күшіне енеді және орындауға енгізуге жатады. Ал, егер де бірінші сатыдағы судьяның шығарған үкіміне апелляциялық немесе кассациялық тәртіпте шағым жасалған немесе наразылық білдірген жағдайда үкім, егер оның күші жойылмаса, онда апелляциялық және кассациялық қаулы шығарған күннен бастап заңды күшіне енеді. Қылмыстық іс апелляциялық немесе кассациялық сатыдағы соттан қайтарылған күннен бастап, бірінші сатыдағы сот үкімді орындауға кіріседі.

Алайда, өкінішке орай, кейде заңды органдардың уақытылы үкімді орындамауына байланысты бір үкім үшін көптеген хат жазылып, қиындықтар туындап жататыны жасырын емес. Мысалы, үкім заңды күшіне енісімен айғақ заттарды ҚР ҚПК-нің 118-бабына сәйкес жою үшін тиісті құқық қорғау органға жолдама хат үкімнен үзінді жолданады, бірақ, ол уақтылы орындалмайды. Сондықтан, әр ай сайын осы айғақ зат жойылмағаны жөнінде ескерту хат жазу керек болады, сонда кейде сол бір қылмыстық іс үшін бір жылдай уақыт ескерту жолданып, телефон арқылы сұраным жасалады.

Сонымен қатар, сотталушыдан мемлекет пайдасына немесе жәбірленушінің пайдасына белгілі бір ақшаны өндіру жөнінде жолданған атқару парақтары жылдар бойы орындалмай жатқан жайлар да аз кездеспейді. Осындай жағдайда нұсқаулық бойынша сол атқару парағы жолданған аумақтық бөлімге ескерту жолдайды, осының бәрі жұмысты ауырлатып, қиындау түседі. Егер сотталушы жазасын өтеп жатқан мекемеде тиісті еңбек атқармаса, ол атқару парағы мүлдем қозғалыссыз жатады деген сөз. Сонда сотталушыдан миллиондаған ақша өндіруі тиіс жәбірленушілер не істеуі керек. Кейде тіпті атқару парағының жоғалып кеткені жөнінде акт келіп жатады.

Мына мәселеге де мән беру керек. Сотталушылардың кейбіреуінің тұрақты мекенжайы жоқ болғандықтан, олардың мүлкін тәркілеу, белгілі ақшаны өндіру туралы атқару парақтары орындаусыз қалады немесе өндірістен қысқартылады. Осындай олқылықтарды болдырмау үшін құқық қорғау және сот актілерін орындау органдарының қызметкерлері жолданған хаттарға уақтылы жауап беріп, атқару парақтары жөнінде мәліметтер беріп немесе уақтылы қайтарып тұрғандары жөн.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

БІРЛІК ТҮБІ – БЕРЕКЕ

Жыл сайын елімізде 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі ретінде салтанатты түрде атап өтіледі. Бұл мерекенің тарихына үңілсек, 1995 жылдың 18 қазанында белгіленіп, мейрам 1996 жылдан бастап кеңінен тойланып келеді. «Мерекелер туралы» ҚР Заңында ол мемлекеттік мәртебеге ие, сол себепті бұл күн елде ресми түрде демалыс күні деп бекітілген. Аталмыш мереке Қазақстан мемлекеті үшін маңызды әрі орны ерекше. Қазақстан жерінде көзіргі таңда тұрып жатқан 100-ден астам ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттауда. Осы мереке күні елімізді мекендейтін ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын паш етеді. Еліміздегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыру үшін осы күні бүкіл Қазақстанда жаппай патриоттық шаралар өтеді.

МЕРЕКЕ

Мына мәселеге де ерекше тоқтала кеткен абзал. Біздің республикамызда 1995 жылдың наурызында дүниежүзіне үлгі болып отырған ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Аталмыш республикалық Ассамблея өңірлік, облыстық, қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктері кіші ассамблея мүшелерінің бастарын біріктіріп, біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда шынайы достықты қамтамасыз етіп келеді.

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы Ассамблеясының XXXII сессиясында «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты тақырыпта сөйлеген сөзінде: «...еліміздің тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат. Ел бірлігі осы мызғымас құндылықтармен қатар тұруға тиіс. Сонда ғана болашағымыз баянды болады. Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық

жерде дәріптелуі қажет. Бұл жалаң ұран емес, әр азаматтың күнделікті ұстанымы болуы керек. Халқымыз бірліктің және тыныштықтың қадірін біледі. Бұл – небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – теңдессіз жетістік!», - деп атап көрсеткен болатын.

Ендеше «Бірлік түбі – береке» деген қағиданы бұлжымас басшылыққа ала отырып, еліміздегі тыныштықтың іргесін шайқалтпай, көпұлтты халқымыз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, еліміздің біртұтастығына сызат түсірмей нық қадаммен алға баса беретініне сенім мол.

Айнұр МЕДЕЕВА,
Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

ЖЫР ЖАУҒАРЫ

Поэзия – адамзат тағдырында ғарыштың Ай мен Күніндей. Өйткені оның жарығы бар, түнегі бар. Сондай-ақ ол – періште сәбидің мөл-мөлдір бейнесі мен жарқын жанары, әуезді күлкісі. Тіптен поэзия жайында нақты бір тұжырымды ой айту да қиын. Өйткені ол бір болмысты ғана емес, мыңдаған құбылыстардың жиынтығы. Олай дейтініміз, оның бойында әуен де, сыр да, мұң да, қуаныш та топтасқан. Бір сөзбен айтқанда жалпы адам баласына тән қасиет атаулының бәрі құдіретті поэзиядан табылады. Бүгінгі «Жыр жауһары» поэзия сағатымыздың кезекті санын тіршілігінде сол тылсым поэзиямен сырласып, қара өлеңмен мұңдасып өткен тағы бір талантты шайырдың рухына арнадық.



ЖҮРЕГІМНІҢ

ҚАЛДЫРАМ ҚАЗЫНАСЫН...

Жетісулық ақындарға арналған жаңа жоба жарыққа шыққанын бұған дейін де құлағдар еткен болатынбыз. Өткен аптаның аяғында Жетісу облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Жетісу халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен аталған «Жыр жауһары» поэзиялық сағатының кезекті саны Қазақстан және Өзбекстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын Үсен Өмірзақовтың шығармашылығы мен өмір жолына арналып, «Жүрегімнің қалдырам қазынасын» атты еске алу кешіне ұласты. Салтанат сарайында өткен бұл әдеби шарада патша көңілді жыр сүйер жұртшылық экраннан Үсен ақынның әлемімен танысты. Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының әртістері мен Мұқағали Мақатаев атындағы жалындап тұрған «Жас актерлер» клубының талапкерлері тебірене оқыған шайырдың жаһар жырлары Салтанат сарайында салтанат құрды. Үсен Өмірзақов көзі тірісінде:

*«Ақынмын ба, басқамын ба білмедім,
Шабым билеп өн бойымды жүр
менің.*

*Жүрегімді жақұт жырға ораған,
О, Поэзия, мен өзіңмен біргемін» –*

деп өлеңмен сырласып өткен шайырды еске алу кешіне ақынның аяулы жары Ұлдар Жолдасова арнайы қатысты. Сондай-ақ Қазақстанның халық әртісі Алмахан Кенжебекова, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Талдықорған қала-

сының «Құрметті азаматы», елімізге белгілі актер Кендебай Темірбайұлы, Қазақстан Республикасының «Мәдениет саласының үздігі» композитор Бақыт Түстікбаев және кезінде қызметтес болған Жетісу Университетінің профессоры, филолог Сайлау Қожағұлов, әнші - актриса Жаңыл Мерсимовалар Үсен Өмірзақов туралы пікірлерін ортаға салып, өмірінен естеліктер айтты. Кезегі келгенде Бақыт Түстікбаев ақынмен бірлесіп жазған «Өтеді күндер...» тағы да басқа әндерін орындап, көпшілікті тәнті етті.

«Ақын тағдыр қинап менің

жанымды,

Бойда тулап, тасытады қанымды.

Қара жермен көмгеннен соң тәнімді,

Келер ұрпақ шырқар ме екен әнімді»

– деп өзі жырлағандай артындағы ұрпағы мен тілеулес азаматтар Үсекеңнің өзі өмірден өтсе де өлеңін ән қып шырқап жатқанына кешке жиылғандар риза болып тарқасты. Кеш қорытындысында құрметті қонақтарға Жетісу облыстық халық шығармашылығы орталығының директоры Жомарт Қаратас бастаған ұйымдастырушылар тарапынан алғыс айтылып, ақынның жары Ұлдар Жолдасоваға зор ілтипатпен гүл шоғы ұсынылды.

**Жангелді Немеребай,
Ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының Жетісу облысындағы
өкілі, Жетісу облыстық халық
шығармашылығы орталығының
қызметкері, ҚР «Мәдениет
саласының үздігі».**

ӨТЕДІ КҮНДЕР...

Бақытым, бағым сен едің,
Шаттыққа мені бөледің.
Бал татқан сонау күндерді,
Ұмыта алмай келемін.

Жылжиды уақыт сынаптай,
Сыңғырлап аққан бұлақтай.
Өзіңе деген сенімді,
Көңілден жүрмін құлатпай.

Өтеді күндер, өтеді түндер,
Жылдарды салып араға.
Қалғанмен жырақ, іздері бірақ,
Жаңғырып жатыр санада.

Мұң болып кернеп, жүректі тербеп,
Жаныңа тыным бермейді.
Арасы алшақ, жүргенмен аңсап,
Ол күндер қайта келмейді.

Керуендей өмір көшеді,
Бозбала шағың кешегі.
Көрген бір түстей елестеп,
Сағымға сіңіп кетеді.

Өткізіп күндер тізбегін,
Үміттің жібін үзбедім.
Аққулар жүзген айдыннан,
Аяулым сені іздедім.

ЖЕТІСУҒА АТТАНАРДА

Айлы аспанға қарай-қарай
шаршадым,
Бір Алладан үміті бар баршаның.
Алда мені қандай бақыт күтіп тұр,
Азап артқан бар ма тағы да
қанша күн

Сырлас етіп мақпал түннің түбегін,
Жұлдыздардың жол сілтеуіш
тіледім.
Көрсет маған ақындардың
мекенін,
Арман қуған мен де ақынның
бірі едім.

Туған жерді, елді тастап артыма,
Аттанатын солай қарай шарқ ұра.
Өрілсінші өрнегімен жыр болып,
Менің ыстық махаббатым
халқыма.

Поэзия көусарынан ішейін,
Жерлерінен жыр бешпентін
пішейін.
Шөліккеген шаңқауымды
қандырып,
Құмардан бір түсейін.

АҚЫНДЫҚ ДЕРТ

Ақындық дерт, тағдыр маған
бұйырған,
Жан емес ем бер деп маған
сұраған.
Алла өзі шұғыла-нұр боп құйылған,
Жүрегіме ексе керек түйір дән.

Аласұрып жаным көрмей
тыныштық,
Тұла бойым тырысады құрысып.
Аспан менің күмбірлейді кеудемде,
Жүрегіме құйылғандай жыр ыстық.

Найзағайдың от тіліндей
қамшылап,
Жон арқамды сабалайды сан
сұрақ.
Көңіл көгім нөсерлетіп жатады,
Жанарымнан моншақ жасым
тамшылап.

Сан жарылыс жасалынып
миымда,
Жағдай соғып жатады көп қиынға.
Құтқармайды мұндай сәтте
құдай да,
Сыйын мейлі, сыйынба!..

Өйткені мен ақын болып
жаралдым,
Сөз маржаны төгілген қазынадан
нәр алғам.
Ақиқаттың ақ жолы қорғап
арамнан,
Ізгіліктің шуағы орын алған
санамнан.

**Үсен ӨМІРЗАҚОВ,
ҚР Жазушылар одағының
мүшесі, ақын, журналист.**

ЗДОРОВЬЕ

ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ ЗАКОН О ЗАПРЕТЕ ВЕЙПОВ

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ 19 АПРЕЛЯ ПОДПИСАЛ ЗАКОН «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В НЕКОТОРЫЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ВОПРОСАМ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ», СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

Закон направлен на реализацию поручений президента Республики Казахстан по внедрению системы юридической и финансовой защиты и повышению ответственности медицинских работников, а также по принятию системных мер по профилактике и борьбе с распространением среди молодежи никотиносодержащих веществ.

Законом внедрено страхование профессиональной ответственности медицинских работников (вводится в действие по истечении 6 месяцев после официального опубликования Закона).

Приняты поправки, направленные на поддержку медицинских работников:

предоставлены права на получение в приоритетном порядке мест для их детей в дошкольных организациях по

месту жительства, защиту от незаконного вмешательства и воспрепятствования профессиональной деятельности, уважительное отношение к профессии, прохождение воинской службы по медицинской специальности или отсрочку от призыва на воинскую службу;

установлена государственная награда — почетное звание «Қазақстан ыңғбексіңіргендерігері»;

для освобождения от предоставления излишней отчетности и информации уполномоченный орган в области здравоохранения будет теперь утверждать перечень документации, обязательной для заполнения медицинскими работниками;

медицинским работникам остродефицитных специальностей, прибыв-



шим на работу в сельскую местность на срок не менее 5 лет, будет осуществляться единовременная денежная выплата в стократном размере минимальной заработной платы.

Законом установлен запрет на про-

дажу, распространение некурительных табачных изделий, вейпов, ароматизаторов и жидкостей для них, а также на их рекламу (вводится в действие по истечении 60 дней после официального опубликования).

НАДО БОРОТЬСЯ

СОВМЕСТНЫМИ УСИЛИЯМИ

В настоящее время наше государство, как и многие другие страны мира, ведет целенаправленную работу по предупреждению и предотвращению коррупции. Казахстан — одно из первых государств СНГ, принявших антикоррупционное законодательство и присоединившихся к международным конвенциям по данному вопросу.

В Республике Казахстан для борьбы с коррупцией сформирована законодательная база, а именно: Закон «О противодействии коррупции», указ президента «О мерах по усилению борьбы с коррупцией, укреплению дисциплины и порядка в деятельности госорганов и должностных лиц», а также ряд программ, нацеленных на сокращение размеров теневой экономики, борьбу с правонарушениями в сфере экономики и т.д.

Всем известно, проблема коррупции превратилась в проблему международного масштаба, поскольку она присуща всем странам, независимо от их политического устройства и уровня экономического развития, имеет место и в демократических государствах с рыночной экономикой. Коррупция оказывает большое влияние на все сферы общества: экономику, политику, социальную сферу, а негативные последствия, порождаемые этим явлением, не только препятствуют прогрессивному развитию общества, но и представляют реальную угрозу интересам национальной безопасности нашего государства. О необходимости борьбы с коррупцией говорят и политики, и высшие государственные чиновники, также борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов и для государственных органов.

Надо учесть, было бы ошибочно понимать под коррупцией банальную взятку, которая является только одной из разновидностей этого преступления. Коррупция сегодня — это получение материальных и юридических преимуществ путем обхода законов в своих интересах, это и решение локальных частных проблем за счет «своих» людей. Коррупция — это не что иное, как использование государственных функций в частных интересах, которые, как правило, идут вразрез с интересами общества, интересами национальной безопасности государства.

Наряду с этим, помимо стратегических направлений, государственными органами на постоянной основе проводятся комплекс мер по предупреждению и недопущению проявления коррупции, так как коррупция, как социальное явление оказывает негативное влияние на имидж органов государственной службы, подрывает доверие граждан. Поэтому, чтобы поставить заслон этому социальному злу надо бороться совместно с общественностью, тогда будет возможность добиться еще более положительного результата в борьбе против коррупции.

Айнур ОРМАШЕВА,
главный специалист Талдыкорганского городского суда.

МОШЕННИКИ

Полицейские из трех стран «накрыли» интернет-мошенников, изъяли их технику и выяснили, под какими веществами они звонили казахстанцам. Две группы мошенников, которые «дурили» казахстанцев, уничтожили в Запорожье, сообщает Polisia.kz.

ОБМАНЫВАЛИ КАЗАХСТАНЦЕВ: ТРАНСНАЦИОНАЛЬНЫХ МОШЕННИКОВ ЗАДЕРЖАЛИ НА УКРАИНЕ

Казахстанским полицейским помогали их украинские и чешские коллеги, сообщил официальный представитель МВД ШынғысАлекешев.

По его словам, при проведении оперативно-розыскных мероприятий казахстанские следователи выяснили, что в киберпреступлениях в нашей стране замешаны иностранцы.

Правоохранители связались с коллегами, договорились о совместных действиях и отправились в заграникомандировку, уточнил Алекешев.

«В городе Запорожье ликвидировано два call-центра мошенников. Злоумышленники, выдавая себя за сотрудников банков и правоохранительных органов, звонили казахстанцам и выманивали данные их счетов», — поделился официальный представитель МВД Казахстана.

Задержано 9 человек, подчеркнул он.

В ходе обысков изъято 17 единиц компьютерной техники, 62 мобильных устройства, а также 35 граммов препарата «метадон», добавил Алекешев.

Отдельно он рассказал о группе в Одессе.

В городе Одессе ликвидировано три мошеннических call-центра. Они также занимались интернет-мошенничеством под предлогом вложений в крупные инвестиционные лжекомпании, отметил он.

«Здесь задержано 23 человека, 9 подозреваемых водворены в ИВС. Изъято 8 автомашин, 58 ноутбук, 52 смартфон, свыше 100 sim-карт, а также цифровые активы на сумму свыше 200 тысяч долларов США», — поделился Алекешев.

Розыск кибермошенников, жертвами которых становятся казахстанцы, продолжается, отметил представитель МВД.


СИТУАЦИЯ

Мать шестиклассника привлекли к административной ответственности за разбитое ребенком стекло в пассажирском поезде, передает NUR.KZ со ссылкой на ДП на транспорте.

Как сообщает пресс-служба ведомства, в начале апреля текущего года при въезде на территорию города Тараз неизвестными лицами было разбито стекло пассажирского поезда сообщением Шымкент — Астана.

«В ходе проведения оперативно-розыскных мероприятий сотрудниками линейного отдела полиции на станции Тараз в совершении данного правонарушения был

КАЗАХСТАНКА ОКАЗАЛАСЬ В СУДЕ ИЗ-ЗА СЫНА, РАЗБИВШЕГО СТЕКЛО В ПОЕЗДЕ



установлен учащийся шестого класса, который дал признательные показания», — пояснили в ДП на транспорте.

Полицейские в отношении матери за ненадлежащее исполнение обязанностей по воспитанию несовершеннолетнего ребенка составили административный протокол. Материал для рассмотрения был передан в Специализированный межрайонный суд по делам несовершеннолетних Жамбылской области.

10 апреля постановлением суда мать несовершеннолетнего привлекли к административной ответственности. На нее наложен штраф в размере 20 МРП (73 840 тенге).

Недавно сообщалось, что в Атырауской области мать подростка привлекли к административной ответственности за нецензурную брань сына-девятиклассника в адрес преподавателя. Женщину признали виновной в совершении административного правонарушения, она получила штраф.

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

ЫСТАНБҰЛДА КІМДЕР КҮРЕСЕДІ?

Қырғыз Республикасында өткен Азия чемпионатында Қазақстанның грек-рим күресі шеберлері төрт жүлде (1 алтын+ 2 күміс+1 қола) еншілеп, жалпыкомандалық есепте төртінші орынды қанағат тұтқанымен, есесіне лицензиялық турнирде тәуір көрсеткішке қол жеткізді. Бішкектің бозкілемінде күш сынасқан бес жерлесіміздің үшеуі Париж Олимпиадасында бақ сынайтын балуандардың тізіміне қосылды.

Қазір грек-рим күресінен Қазақстан құрамасының қоржынында Олимпия ойындарының төрт лицензиясы бар. Алғашқы жолдаманы Нұрсұлтан Тұрсыновтың (87 кг) иеленгені белгілі. Былтыр қандасмыз Белградта ұйымдастырылған әлем чемпионатында үздік бес балуанның қатарына қосылып, көздеген мақсатына қол жеткізді. Ал Бішкектегі бәсекеде Айдос Сұлтанғали (60 кг), Демеу Жадыраев (77 кг) және Әлімхан Сыздықов (130 кг) табысты өнер көрсетті.

Алатаудың арғы бетінде атой салған апайтөстердің арасынан Айдосты бөле-жара атап өтуге болады. Кезінде әлем чемпионатында екі мәрте қола медальды олжалап, Азия чемпионы атанған 28 жастағы Сыр бойы саңлағының Олимпиадаға әлі бірде-бір жолы түспеген еді. Биыл ақпан айында Астанада өткен ел чемпионатында Сұлтанғали өзінің басты қарсыласы Мейрамбек Айнағұловтан айласын асырып, лицензиялық турнирге қатысу құқығына ие болды. Бішкекте ол Ирак пен Тайпей спортшыларын ойсырата ұтса, тәжіктің тастүлегіне қарсы кездесуде өте сауатты тактика құра білді. Сол

күні Айдос Сұлтанғалидің өнеріне бар жанкүйер тамсанды.

Демеу Жадыраев – ұлттық команда сапындағы ең жасы үлкен балуан. 2017 жылы әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған Жетісу өңірінің тұма-сы осыдан үш жыл бұрын Токио Олимпиадасында өнер көрсетті. Бірақ ол жарыста Жадыраевтың жолы болмады. Биыл да дәл осы саңлаққа сенім артылды. Осы орайда жанкүйерлер тарапынан «Егде тартқан балуанды ғаламдық додаға апарудың не қажеті бар еді?» деген сауалдың туындауы заңды. Бірақ Демеу ел чемпионатында өзінің мықтылығын толықтай мойындатты. Жалынды жастарды айтпағанда, тәжірибелері әбден толысқан Магомад Ибрагимов пен Темірлан Шадукаев 34 жастағы сақа спортшының қарқынына шыдай алмады. Бішкекте де қазақ балуаны өте жақсы күресті. Әсіресе Жадыраевтың шешуші тұстағы бәсекесі өте әсерлі болды. Оңтүстік Кореяның өкілі Доюн Лиден 0:2 есебімен ұтылып жатқанына қарамастан, соңғы сәтке дейін Боранбек Қоңыратовтың шәкірті қарқынын еш бәсеңдеткен жоқ. Нәтижесінде, қазақ балуаны жеңісті қарсыласының уысынан жұлып әкетті.

Ал аса ауыр салмақ дәрежесінде айқасқан 29 жастағы Әлімхан Сыздықов Олимпия ойындарына жолдама алса да, оның өнері көпшілік көңілінен шықпады. 2022 жылы Азия чемпионы атанған қазақтың нар тұлғалы балуаны былтыр Азия ойындары мен құрлық біріншілігін қола медальмен қорытындылады. Осы жарыстардың екеуінде де Сыздықовтың функционалдық даярлығы сыр берген еді. Осы жолы да дәл солай болды. Жартылай финалда қырғызстандық Роман Кимді едәуір ұпай айырмашылығымен ұтып жатып, қарсыласының есепті теңестіруіне мүмкіндік берді. Ол аздай,

соңғы екі минутта Әлімханның шаршағаны соншалық, ол мүлдем күреспей қойды. Алысып-жұлысу былай тұрсын, тіптен орнынан тұра алмай қалды. Бәсеке 7:7 есебімен аяқталды. Қандасмыз тек қосымша көрсеткіштердің арқасында ғана жеңіске жетіп, жолдамаға қол жеткізді. Парижде Әлімханның дәл осындай күреспен алысқа бармайтыны анық. Сондықтан да жеке бапкері Бисольт Дициев екеуі осы олқылықтың орнын толтыру керек.

Бірер айдан кейін Парижде алауы тұтанатын Олимпия ойындарына Қазақстанның грек-рим күресі шеберлеріне толық құраммен бару үшін әлі екі жолдама қажет. Бішкекте біз Мейіржан Шермаханбеттің оза шабатынына еш күмән келтірмеген едік. 2019 жылғы әлем чемпионатының қола, 2023 жылғы Азия ойындарының күміс жүлдегері және Азия чемпионы деген атағы бар 27 жастағы Шымкенттің шымыр жігітінің теңдессіз өнерімен талайларды тамсандырғанына талай мәрте куә болғанбыз. Бірақ кейде оның болмайтын жерде жеңіліп, көрермендер көңілін су сепкендей басатыны тағы бар. Қырғыз Республикасының бас шаһарында дәл солай болды. Тұсаукесер кездесуінде түрікменстандық Равшан Атдаевтың аяғын көктен келтірсе, ширек финалда жасөспірімдер арасында әлем чемпионы, жастар мен ересектер арасында Азия чемпионы, өзбекстандық Аброр Атабаевтан айласын асырды. Алайда шешуші тұста Жапонияның жас жұлдызы Киотаро Согабэнің осал тұсын табал алмады.

Жалпы, 67 кг салмақ дәрежесінде Қазақстанның өзінде бәсекелестік өте жоғары. Бұл салмақта әлем чемпионатында бес (1 күміс, 4 қола), құрлық чемпионатында алты (2 алтын, 3 күміс, 1 қола) және Азия ойындарында екі (1 күміс, 1 қола) рет жеңіс тұғырына көтерілген Алматы Кебісбаев және жастар буыны арасындағы до-



даларда дараланған Дінмұхамед Қошқар бар. 23 жастағы Тараздың тастүлегі Азияда алдына жан салмаса, әлем біріншілігінде үздік үштікті түйіндеді. Бірақ бұл балуанның екеуі де ел біріншілігінде Мейіржан Шермаханбетке есе жіберді. Қазақстан чемпионатында үшінші орынға табан тіреген Алматы Аманбекті биыл Азия чемпионатында күрестірген еді, ол екінші айналымнан аса алмады. Сол себепті де 9-12 масыр аралығында Ыстанбұлда өтетін соңғы лицензиялық турнирге қайта Мейіржанды апарған жөн болар еді.

Лицензиялық турнирде 97 кг салмақта Олжас Сырлыбайға сенім артылды. Алайда тәжірибелі балуан «шу» дегенде сүрінді. Ел чемпионатында күміс медальды мойнына ілген Юсуф Мациев Азия біріншілігінде де дәл сол межеден көрінді. Бірақ финалда оның анауына емес, Иранның атақты пехлеваны, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, әлем және құрлық чемпионы, әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы, Мұхаммадхадди Саравиге есе жіберді. Бәлкім, осы жағы ескеріліп, 20 жастағы жалындап тұрған

жігітке тағы бір мүмкіндік берілетін шығар деп ойлаймыз. Қалай болғанда да, бұл – ұлттық құрама бапкерлерінің құзырындағы мәселе.

Грек-рим күресінен әзірге тек Иран құрамасы ғана Олимпия ойындарына толық құраммен қатысу мүмкіндігіне ие болып отыр. Парсы елінің апайтөстері Францияның бас шаһарында барлық алты салмақ дәрежесінде өнер көрсетеді. Қалған командалардың көрсеткіштері мынадай: Куба, Алжир, Мысыр – 5, Түркия, Қытай, Қазақстан – 4, Армения, АҚШ, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Жапония – 3, Ресей (AIN), Өзбекстан, Чили, Колумбия, Тунис, Украина, Сербия – 2, Чехия, Беларусь (AIN), Болгария, Венесуэла, Эквадор, Мажарстан, Гондурас, Марокко, Молдавия, Солтүстік Корея, Финляндия, Франция, Грузия, Литва, Германия және Оңтүстік Корея – 1. Осылайша, әзірге 72 жолдаманың иесі анықталды. Ендігі сынақ Түркияда өтеді. Анадолы еліндегі жарыстың қорытындысы бойынша әр салмақта алғашқы үш орынды олжалаған балуандар Париждегі ойындарда күш сынасу құрметіне ие болады.

ДЗЮДО

ДЗЮДОДАН ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНА ЛИЦЕНЗИЯ ҮЛЕСТІРЕТІН СОҢҒЫ ТУРНИР АСТАНАДА ӨТЕДІ

QAZAQSTAN BARYSY GRAND SLAM ТУРНИРИНДЕ IJF ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС ЖАРЫСТЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ОЛИМПИАДАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕРДЕ ҰПАЙЛАР БӨЛІНЕДІ.

I орын үшін 1000, II орын үшін – 700, ал III орын үшін – 500 ұпай есептеледі.

Айта кетейік, Қазақстан әлемдік IJF ұйымымен келісімі негізінде Grand Slam жарыстарын 2026 жылға дейін өткізеді.

Дзюдо сайыстары Ж.Үшкөмпіров атындағы спорт сарайында 10 мамыр күні басталады. Лицензиялық турнир Qazsport телеарнасында тікелей эфирден көрсетіледі.

Жарыс бағдарламасы:

10 мамыр
Әйелдер: -48 келі, -52 келі, -57 келі
Ерлер: -60 келі, -66 келі
11 мамыр



Әйелдер: -63 келі, -70 келі
Ерлер: -73 келі, -81 келі
12 мамыр
Әйелдер: -78 келі, +78 келі
Ерлер: -90 келі, -100 келі, +100 келі.

БӘРЕКЕЛДІ!

ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ: ЕЛ ҚОРЖЫНЫНА 48 ЖОЛДАМА ТҮСТІ

Бұған дейін еліміздің еншісінде Париж олимпиадасына қатысу мүмкіндігі берілетін 46 жолдама бар еді. 47 жолдаманы Біріккен Араб Әмірліктерінің Фуджейра қаласында өтіп жатқан саблямен семсерлесуден Әйкерім Сарыбай қоржынға салды.

Ол финалда гонконгтық спортшыны 15:13 есебімен жеңді. Нәтижесінде, ол 2024 жылғы Олимпиада ойындарына іріктеуден өтті. Айта кетейік, аталған сында тек жеңіске жеткен спортшылар ғана олимпиадалық квота иегері атанады. Бұған дейін шпагамен семсерлесуден Қазақстан ерлер командасы Париж Олимпиадасына жолдама жеңіп алған болатын.

Ал 48 лицензия стенд атудан бұйырды. Эдуард Ещенко Дохада (Катар) өткен іріктеу турнирінде сәтті өнер көрсетті. Ол «скит» бағдарламасы бойынша іріктеуден өтіп, финалға жолдама алды. Ал шешуші раундта үшінші орыннан көрініп, Олимпиада ойындарына іріктеуден өтті. Бұған дейін «трап» бағдарламасы бойынша Мария Дмитриенко олимпиада жолдамасын иеленген еді.



КЕРЕК КЕҢЕС

ЖЕҢІЛ ТҰРУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН 7 КЕҢЕС



Дала қараңғы және суық болып тұрса да, кей адамдар ұйқылары қанып, көңілді жүреді. Ол мүмкін емес секілді көрінгенімен, бірнеше лайфхакты білу арқылы сіз де таңертең ұйқыдан оңай тұра аласыз.

1. Денсаулыққа қатысты проблемаларды шешіңіз

Қажетті 7-8 сағат ұйықтасаңыз да, ұйқыңыз қанбайды ма? Онда ол ауру белгісі болуы мүмкін. Себебі ұйқышылдық пен шаршаңқылық – дәрігерге қаралуға итермелейтін белгілердің бірі.

2. Оятықш уақытын ауыстырмаңыз

Оятықштың дыбысын естіген бойда бірден тұруды әдетке айналдырыңыз. Тағы 5 минут жата тұруды қойыңыз. Тағы кішкене жата тұрғыңыз келген сайын ұйқы режиміңізді бұзасыз. Ал шаршаңқылық болса ешқайда кетпейді. Егер оятықшты саған 06:50-ге қойып, бірақ ойыңызда 7:00-де тұру бар болса, одан да оятықш уақытын бірден 7:00 ге қойыңыз. Себебі үзіліссіз ұйқы дұрыс болып саналады.

3. Оятықшты алысқа қойыңыз

Оятықшты алысқа қойсаңыз, оны сөндіру үшін орныңыздан тұрып, жүру керек болады. Бұл оятықшты сөндіріп, қайтадан ұйықтап қалудан арылтады.

4. Устелдің үстіне 1 стакан су қалдырыңыз

Суды оятықшты сөндірген бойда ішіп алыңыз. Сол кезде ұйқыңыз оңай ашылады.

5. Жапқышты ашыңыз

Қараңғыда ағза ұйқы гормонын бөле беретіндіктен, ояну қиына түседі. Сондықтан, жапқышты ашыңыз, бөлме әлі де қараңғы болса, жарықты қосыңыз.

6. Айналаңызды жайлы етіңіз

Көпшілік жылы көрпенің астынан шыққысы келмегендіктен, бірден тұрып кете алмайды. Сондықтан, төсектің қасына жылы жемпір мен жылы төпішке дайындап қойыңыз.

7. Барлық маңызды кездесулерді таңертеңге қойыңыз

Маңызды кездесуді немесе басқа да маңызды шаруаларды таңертеңге қойыңыз. Бұл сізге уақытында тұруға жақсы мотивация болады. Себебі ұйықтап қалсаңыз, бұл әрекетіңізбен басқа адамдардың уақытын аласыз.

massaget.kz. сайтынан алынды.

ДЕГЕН ЕКЕН...

ПОЭЗИЯ «ПЫРАҚТАРЫ»

Өлем-жәлем киінген жас ақын әлдеқандай болып, редакцияның әдебиет бөліміне келіп тұскен хаттарға шұқшиып отырған-тын. Кенеттен шаян шаққандай орнынан атып тұрып, қарындашының басын қарш еткізіп тістеп алды да, «тфу» деп қабырғаға қарап түкіріп жіберді.

– Қарағым-ау, қара басты ма? Қараптан қарап жараған бурадай жыныңды шашқаның не? – Үндемей газет оқып отырған сақа тілші көзілдірігін шекесіне көтеріп, үрейлі көзбен көршісіне үңілді.

– Не мынау?! – Жас ақын өшін әріптесінен алғысы келгендей өршеленіп, бір бума қағазды қобыратып әкеліп, үстел үстіне шаша салды. – Не мынау?!

– Еее, – деп есінеген егде газетші еденге түскен парақты еппен көтерді де, ежелеп оқи бастады:

– Кең байтақ Қазақстан жайнаған жер,
Төрінде сандуғаштар сайраған жер.
Өлемдік отыздықтан ойып тұрып
Орын алып бүгінде тойлаған ел.
Мәледесс! Төрт аяғын тең басқан әп-әдемі-ақ өлең! По-э-зия!

– Қайдағы өлең, мынаның қай жерінен поэзия көріп тұрсыз, көке-ау?! – деді көзі боталаған жас ақын қып-қызыл болып, даусы қылғына шығып.

– Е, несі бар, ең бастысы ұйқасып тұр емес пе?!
– Бүйткен ұйқасының ұртын ұрайын. Әрі қарай тыңдаңыз. Сақа тілшінің қолындағы қағазды жұлып алған жас ақын жұлқына жөнелді:

Төсімде қызу еңбек жайнап жатыр,
Қазаным жер ошақта қайнап жатыр.
Мөңгілік ел боламыз асқақ мұрат,
Кемеңгеріме сенген елім тойлап жатыр.
Мынаған не айтасыз ал?
– Несі бар, құйылып тұр!
– Құйылып тұрған жоқ, сұйылып тұр, – деді күйініп тұрған жас ақын одан әрі жаны ышқынып:

– Қайнайды халқым десе менің қаным,
Атағым алты құрлыққа болды мәлім.
Дамыған отыз елден де озып кетіп,
Тойлай бер, Қазақстан, нұрлы таңым!
Бар тілегім гүлдей болып жайнай бер,
Биік-биік мінберлерден сайрай бер.
Тоқшылықпен қайнап елдің қазаны,
Әр жылдарды жетістікпен тойлай бер.
«Қайнау, жайнау, сайрау, тойлау». Құрығанда «ойлау» деген де ойына кірмеген екен, ө?!

Тіл байлығында төрт-ақ ұйқасы бар неғылған «ақын» бұл?

– Бұл төрт сөзде бүгінгі қоғамның айқын келбеті жатыр. Әйтеуір ырғағынан жаңылмаған екен. Соған да тәуба десеңші, – деп ыңыранды кәрі тілші ырқ-ырқ күліп. – Басың жас қой, мұндай «шайырдың» мыңын көресің. Тәк што, шырт ете бермей, шыдамды бол!

– Мәселе ырғақта ма, – деп қызынып кеткен жас ақын екі көзін тарс жұмып, екілене сөйледі. – Мына туындыда құрғақ мақтан, жалаң ұраннан басқа «бірдеңе» көрсем көзім шықсын. Көркемдіктен жұрдай. Мұншама күшенгенде көтеншегі айналып кетпегеніне таңмын. Өлеңге қойылуға тиіс талаптарға толық жауап беріп тұрған жоқ. Төрт буынды ұйқаспен келе жатып, екі буынды болып кетеді. Бұл дегенің төрт аяқпен шауып келе жатқан аттың кенеттен екі аяқпен шоқырақтап кеткені сияқты емес пе?! Соңында «өлең» құрылымы тіпті өзгеріп...

– Пах, – деп сөзін бөлген сақа тілші санын соғып қалды да, қарқылдап күліп жіберді. – Кезінде кеңес үкіметінің «шалқұйрықтары» партияның шешімдерін «жырлағанда» «бір аяқпен-ақ» «шаба беретін». Ал «аяғы талғанда» «қанат бітіп», «самғап» кететін. Ал мына «поэзия пырақтары» әйтеуір екі аяқпен болса да жер басып жүр ғой. Бұл «ұрпақтар жалғастығының үзілмегенін» әрі өңір әдебиетінде «ілгерілеу» бар екенін көрсетеді. Сондықтан шүкір, шүкір, – деген аға буынның ақылын естіген жас ақын жынын алған бақысдай сылқ етіп, көзі аларған күйі орындыққа құлай кетті.

– «Поэзия пырақтары...» – Осы сөзді қырылдаған үнмен ызалана қайталаған жас ақын атып тұрып, «пырақтар» шимайлаған парақтарды қоқысқа лақтырды.

Абылай МАУДАНОВ,
tobyl-torgai.kz. сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары



Кәусар АСЕНОВА



Алихан БОЛАТ



Айару ТЫНЫСБЕК



Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор

Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары

Зарина БЫЖЫБЕК – тілші

Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Оффсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;

E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 522

Индекс 15534

Кезекші редактор: Г.БАЙМҰХАН.